Қуаныш Сапиолллаұлы Сайлау	научный сотрудник, магистр политологии и международных отношений, PhD докторант, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, email: kuanishta@gmail.com. ORCID ID: 0009-0001-6529-9109
Гаухар Гинаядовна Барлыбаева	главный научный сотрудник, доктор философских наук, ассоциированный профессор, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: gbarlybaeva@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1268-0763
Рүстем Нұрболатұлы Мустафин	Цифрлық әлеуметтік ғылымдар орталығының жетекшісі, әлеуметтік ғылымдар магистрі, PhD докторант, ҚР ҒЖБҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, email: rustem.mustafin@gmail.com, ORCID ID: 0009-0001-9797-7701
Қуаныш Сапиолллаұлы Сайлау	ғылыми қызметкер, саясаттану және халықаралық қатынастар магистрі, PhD докторант, ҚР ҒЖБҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: kuanishta@gmail.com, ORCID ID: 0009-0001-6529-9109
Гаухар Ғинаятқызы Барлыбаева	бас ғылыми қызметкер, философия ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, ҚР ҒЖБҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: gbarlybaeva@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1268-0763
Rustem Mustafin	Head of the Center for Digital Social Sciences, IInstitute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, Master of Social Sciences, PhD student, email: rustem.mustafin@gmail.com, ORCID ID: 0009-0001-9797-7701
Kuanysh Sailau	Researcher, Master's degree in Political Science and International Relations, PhD student, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: kuanishta@gmail.com, ORCID ID: 0009-0001-6529-9109
Gaukhar Barlybayeva	Chief Researcher, Doctor of Philosophical Sciences, Associate Professor, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: gbarlybaeva@mail.ru, ORCID iD: 0000-0003-1268-0763

ҒТАХР 21.21.25 https://doi.org/10.48010/aa.v28i1(107).820

РУХАНИ ҚАУІПСІЗДІК ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ЯСАУИ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ АДАМ ТӘРБИЕСІ КОНЦЕПЦИЯСЫ

[1]Б.К.Ботакараев, [1]С.Моллақанағатұлы,
[2]С.Т.Шылмамбетов, [2]Н.А.Қыпшақбаев

АҢДАТПА

Зерттеуімізде рухани қауіпсіздік феномені мен Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы адам тәрбиесі концепциясының өзара байланысы талданады. Зерттеу мақсаты – Ясауи ілімінің адам рухын кемелдендіруге бағытталған қағидаларының қазіргі қоғамдағы рухани қауіптер мен радикалдық идеологиялардың таралуына қарсы тұрудағы әлеуетін айқындау. Мақалада «рухани қауіпсіздік» ұғымының философиялық мазмұны, оның аксеологиялық және антропологиялық қырлары қарастырылады. Сондай-ақ Ясауи дүниетанымындағы адам тәрбиесі, нәпсімен күрес, моральдық жауапкершілік және рухани кемелдік идеялары қазіргі заман контексінде талданып, олардың жастардың рухани иммунитетін қалыптастырудағы рөлі сипатталады. Ясауи іліміндегі рухани тәрбие қағидалары қоғамдағы құндылықтар жүйесін тұрақтандырудың және адамгершілік сана-сезімді жандандырудың пәрменді тетігі ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде Ясауи ілімінің рухани қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі философиялық және этикалық негіздері айқындалып, бұл ілімнің қазіргі қоғам үшін маңыздылығы талданады. Сонымен қатар мақалада Ясауи ілімінің ұлттық бірегейлікті сақтау мен рухани жаңғыру үдерістеріндегі орны айқындалады. Бұл зерттеу нәтижелері дерадикализация мен рухани тәрбие саласындағы практикалық бағдарламаларға ғылыми негіз бола алады. Ясауи дүниетанымының құндылықтық әлеуеті қазіргі заманның рухани дағдарыстарын еңсерудің тұжырымдамалық үлгісін ұсынады. Зерттеу қорытындылары рухани қауіпсіздік стратегияларын қалыптастыруда дәстүрлі сопылық ілімдердің маңызын арттыра түседі.

Түйін сөздер: Қожа Ахмет Ясауи, рухани қауіпсіздік, адам тәрбиесі, дүниетаным, радикалдық идеология

[1] «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» Ясауитану ғылыми орталығы, Түркістан, Қазақстан

[2] А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

Автор-корреспондент: Шылмамбетов С., sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz

Сілтеме: Ботакараев Б.К., Моллақанағатұлы С., Шылмамбетов С.Т., Қыпшақбаев Н.А. Рухани қауіпсіздік феномені және Ясауи дүниетанымындағы адам тәрбиесі концепциясы // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. № 1 (107). – Б. 52-60.

Феномен духовной безопасности и концепция человеческого образования в мировоззрении Ясави

Аннотация. В данном исследовании анализируется взаимосвязь феномена духовной безопасности и концепции воспитания человека в мировоззрении Ходжи Ахмеда Ясави. Цель исследования – определить потенциал учения Ясави в противодействии современным духовным угрозам и распространению радикальных идеологий посредством его принципов, направленных на совершенствование человеческого духа. В статье рассматривается философское содержание понятия «духовная безопасность», его аксиологические и антропологические аспекты. Кроме того, идеи воспитания человека, борьбы с нафсом, моральной ответственности и духовного совершенства в мировоззрении Ясави анализируются в контексте современности, раскрывая их роль в формировании духовного иммунитета молодежи. Принципы духовного воспитания в учении Ясави считаются действенным механизмом стабилизации системы ценностей в обществе и возрождения нравственного сознания. В результате исследования выявлены философские и этические основы обеспечения духовной безопасности в учении Ясави, а также проанализировано его значение для современного общества. В статье также определяется место учения Ясави в процессах сохранения национальной идентичности и духовного обновления. Результаты данного исследования могут служить научной основой для практических программ в области дерадикализации и духовного образования. Ценностный потенциал мировоззрения Ясави предлагает концептуальную модель преодоления духовных кризисов современности. Результаты исследования повышют значимость традиционных суфийских учений в формировании стратегий духовной безопасности.

Ключевые слова: Ходжа Ахмед Ясави, духовная безопасность, воспитание человека, мировоззрение, радикальная идеология

The Phenomenon of Spiritual Security and the Concept of Human Education in the Worldview of Yassawi

Abstract. This study analyzes the relationship between the phenomenon of spiritual security and the concept of human development in the worldview of Khoja Akhmet Yassawi. The purpose of the study is to determine the potential of Yassawi's teachings to counter modern spiritual threats and the spread of radical ideologies through its principles aimed at perfecting the human spirit. The article examines the philosophical content of the concept of "spiritual security," its axiological and anthropological aspects. Furthermore, the ideas of human development, combating the nafs, moral responsibility, and spiritual perfection in Yassawi's worldview are analyzed in a contemporary context, revealing their role in shaping the spiritual immunity of young people. The principles of spiritual education in Yassawi teachings are considered an effective mechanism for stabilizing the value system in society and revitalizing moral consciousness. The study revealed the philosophical and ethical foundations of spiritual security in Yassawi's teachings and analyzed its significance for modern society. The article also identifies the place of Yassawi's teachings in the processes of preserving national identity and spiritual renewal. The results of this study can serve as a scientific basis for practical programs in the fields of deradicalization and spiritual education. The value-based potential of Yassawi's worldview offers a conceptual model for overcoming modern spiritual crises. The results of the study will enhance the importance of traditional Sufi teachings in shaping spiritual security strategies.

Key words: Khoja Akhmet Yassawi, Spiritual Security, Human Education, Worldview, Radical Ideology.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайында рухани қауіпсіздік мәселесі адамзат қоғамының ең өзекті тақырыптарының біріне айналды. Әлемдік өркениеттер арасындағы өзара ықпалдастық, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі мен цифрлық мәдениеттің дамуы адамның дүниетанымдық бағдарларына тікелей әсер етіп отыр. Осындай жағдайда дәстүрлі құндылықтардың әлсіреуі мен радикалды идеялардың таралуы қоғамның рухани тұрақтылығына елеулі қауіп төндіруде. Сондықтан рухани қауіпсіздікті сақтау тек қана діни немесе моральдық мәселе емес, сонымен қатар ұлттық сана мен мәдени тұтастықты қорғаудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Қожа Ахмет Ясауи ілімі – түркі-мұсылман қркениетінің рухани өзегін құрайтын ілімдердің бірі. Оның дүниетанымы адам болмысының мәнін, рухани кемелдену жолын және адам мен Жаратушы арасындағы қатынастың терең философиялық қырларын ашып көрсетеді. Ясауи адамның ішкі жан дүниесін тазартып, нәпсіден арылу арқылы шынайы рухани еркіндікке жетуді мақсат етеді. Бұл ілімдегі адам тәрбиесі концепциясы сопылық дәстүрдің шеңберімен қоса жалпы адамзаттық рухани мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде де қарастырылуы тиіс. Қазіргі қоғамда радикалдық және деструктивтілік идеологиялардың таралуы, әсіресе жастар арасында рухани бағдардың әлсіреуі, адамның ішкі әлемін тұрақсыздыққа ұшыратуда Мұндай жағдайда Ясауи ілімінің адам тәрбиесіне қатысты қағидаларын қайта зерделеу – ұлттық және діни бірегейлікті сақтаудың, сонымен бірге рухани қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді жолдарының бірі болып есептеледі. Осы тұрғыдан алғанда, Ахмет Ясауи мұрасының қазіргі қоғамдағы рөлі тарихи немесе теологиялық, сондай-ақ әлеуметтік-философиялық мағынада да ерекше мәнге ие. Бұл зерттеу Ясауи дүниетанымындағы адам тәрбиесі концепциясын рухани қауіпсіздік феноменімен сабақтастыра талдап, оның заманауи рухани және мәдени кеңістіктегі маңызын айқындауға бағытталған.

Әдіснама

Зерттеу барысында рухани қауіпсіздік феномені мен Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы адам тәрбиесі концепциясын талдауда жүйелілік, салыстырмалы және герменевтикалық әдістер қолданылды. Жүйелілік әдіс Ясауи ілімінің тұтастығын, оның рухани, этикалық және антропологиялық аспектілерінің өзара байланысын анықтауға мүмкіндік берді. Герменевтикалық тәсіл арқылы Ясауи еңбектеріндегі адам рухын тәрбиеулеуге бағытталған ұғымдар мен символдардың мәні ашылды. Сонымен қатар, аксиологиялық талдау рухани құндылықтардың тұлға мен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлін айқындауға бағытталды. Салыстырмалы талдау қазіргі замандағы рухани қауіптер мен Ясауи іліміндегі рухани иммунитет қағидалары арасындағы өзара байланыстарды көрсетуге мүмкіндік берді.

Негізгі бөлім

«Рухани қауіпсіздік» ұғымының философиялық мазмұны

Рухани қауіпсіздік – қоғамның тұрақтылығы мен үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік жүйенің негізгі құрамдас бөлігі. Ол қоғамның моральдық, мәдени және идеологиялық тұтастығын сақтауға бағытталған. Қазіргі Қазақстан қоғамының даму кезеңі саяси, экономикалық, идеологиялық және әлеуметтік салалардағы кешенді дағдарыспен сипатталады [1, 310 б.]. Ұзақ уақыт бойы қоғам өмірінде «руханият» ұғымы саясаттану мен әлеуметтану салаларында елеусіз қалып, қоғамдық санада екінші дәрежелі мәселе ретінде қарастырылып келді. Алайда, рухани-мәдени дағдарыстың күшеюі бұл бағытқа деген ғылыми және қоғамдық қызығушылықты арттырды. Бұл үдеріс жастар арасындағы патриоттық сезімнің әлсіреуімен, девиантты мінез-құлықтың артуымен, ажырасудың көбеюімен, тарихи жадының ұмытылуымен, суицид пен әлеуметтік бейберекеттік деңгейінің өсуімен және халықтың білім беру мен зияткерлік әлеуетінің төмендеуімен байланысты. Мұндай құбылыстар қоғамның рухани тұрақтылығына елеулі қауіп төндіреді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің жолдауларында рухани қауірсіздік мәселесіне ерекше назар аударады. Ол «ұлттың қауіпсіздігі тек шекараны қорғаумен шектелмейді, ең алдымен, қоғамның рухани иммунитетін күшейтумен айқындалады» деп атап өткен болатын. Президенттің пікірінше, жастардың дүниетанымын қалыптастыруда ұлттық мәдениет пен дәстүрдің, сонымен қатар білім мен ғылымның рөлі айрықша. Демек, рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету – тек мәдениет саласының емес, мемлекеттің стратегиялық тұрақтылығын айқындайтын маңызды бағыттардың бірі. Қоғамдық санада дәстүрлі мәдениетке тән адамгершілік нормалар мен рухани құндылықтар әлсіреп, олардың орнын прагматизм мен жеке мүдде басып келе жатқаны байқалады [1, 16 б.]. Сондықтан қазіргі жағдайда рухани қауіпсіздікті нығайту ұлттық идеологияның өзекті міндетіне айналып отыр.

Рухани қауіпсіздік концепциясы қазіргі таңда толыққанды қалыптасқан және бірізді ғылыми негізін тапқан ұғым емес. Ол әлі де теориялық тұрғыдан пысықталып, мазмұндық тұрғыдан айқындалу үстінде. Ұзақ уақыт бойы бұл категория қоғамтану ғылымында елеусіз болып келгенімен, соңғы жылдары саясаттанушылар мен әлеуметтанушылар арасында өзекті зерттеу нысанына айналды. Зерттеуші С.Н.Меликовскаяның пікірінше, «ұлттың рухани қауіпсіздігі мәселесі – бұл ең алдымен мемлекетіміздің өмір сүруінің өзекті сұрағы, яғни ол бола ма, жоқ па деген мәселе. Рухани қауіпсіздіктің басты мақсаты – қоғамның рухани-адамгершілік, этикалық, идеологиялық және мәдени негіздерін қорғау» болып табылады. Демек, рухани қауіпсіздік ұғымы тікелей ұлттың мәдениеті, тарихи жады және дүниетанымдық жүйесімен байланысты, сондықтан оны кешенді түрде зерттеу мен түсіну қажеттілігі туындайды. Аталған ұғым ғылыми айналымға тек экономикалық немесе өндірістік көрсеткіштермен шектелмей, қоғамның ұлттық, мәдени және әлеуметтік құрылымын сақтау мен дамыту үдерістерін реттеу мақсатында енгізілді. П.Н.Беспаленко рухани қауіпсіздікке былайша анықтама береді: «Рухани қауіпсіздік – бұл қоғамның рухани-адамгершілік және идеологиялық өміршеңдігін, негізгі мақсаттар мен құндылықтардың әлеуетін, жеке және қоғамдық мүдделердің тепе-теңдігін, саяси институттар мен мәдениеттің функционалдық үйлесімділігін сипаттайтын сапалық көрсеткіш». Сондықтан рухани қауіпсіздіктің деңгейі, ең алдымен, қоғамның рухани өмірінің жағдайымен, ұлттың моральдық және этикалық құндылықтарымен, мәдени даму дәрежесімен айқындалады [3, 218 б.].

Рухани құндылық құбылысының руханият пен рухани құндылықтар саласын қамтитынына қарамастан, көбіне саясилануға бейім екенін атап өткен жөн. Өйткені кез келген қауіпсіздік феномені тарихи тұрғыдан алғанда мемлекеттің қызметі мен оның интитуттарының қалыптасуының негізгі индукциялық тетігі болып табылады. Бұл тұрғыдан қарастырғанда мақаламыздың екі негізгі әдіснамалық ракурсын айқындауға болады: 1. Рухани қауіпсіздікті дәстүрлі мәдениетті

сақтау мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудің нәтижесі ретінде түсіндіру. 2. Рухани қауіпсіздікті қоғамның сапалық сипаттамасы ретінде қарастыру [4, 13 б.]. Рухани қауіпсіздіктің саясилануы сонымен қатар ұлттық идеяны іздеу үдерісімен де байланысты. Бұл ізденіс рухани қауіпсіздікті қамтамасыз етумен және құндылықтық трансформациялар тәуекелін барынша азайту қажеттілігімен ұштасады.

Рухани қауіпсіздіктің аксеологиялық және антропологиялық қырлары

Қазіргі таңда рухани қауіпсіздік ұғымына жүгіну өткен ғасырдың 1990-2000 жылдарындағыдай жиі кездеспейді. Бұған объективті себептер бар. Сол кезеңдер тек әлеуметтік-саяси жүйенің «қайта құрылу» уақыты ғана емес, сонымен қатар мәдени-өркениеттік дағдарыс кезеңі болғандықтан, қауіпсіздік мәселесі айрықша өзектілікке ие болды. Бұл жағдай ғылым мен сараптамалық қауымдастықтың кең назарын аудартып, көптеген зерттеулер мен жарияланымдардың пайда болуына түрткі болды. Мысалы, С.Ю.Рыбаковтың 2011 жылғы жарық көрген «Ресей білім беру жүйесіндегі рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері» атты еңбегінде қоғамның әлеуметтік денсаулығына төнген қауіптерге қатысты алаңдатарлық статистикалық деректер келтіріледі. Рухани қауіпсіздікке төнген негізгі қатерлердің қатарында деструктивті бағыттағы дәстүрлі емес діни ұйымдардың көбеюі де атап өтіледі [5, 5 б.]. Мұндай ұйымдар көп жағдайда дәстүрлі әлеуметтік институттарды бұзып, мәдени құндылықтарды деформациялап, өз жақтастарының санасында радикалды және мәмлекетті мойындамайтын көзқарастарды қалыптастырады, бқл өз кезегінде террорлық әрекеттерге немесе адамның өз өміріне қауіп төндіретін жағдайларға алып келеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында бұл бағыттағы қауіптер нақты айқындалған: ұлтшылдық және діни экстремистік идеологияны пайдаланатын радикалды қоғамдық ұйымдар мен топтардың, шетелдік және халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың қаржылық және экономикалық құрылымдардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың еліміздің бірлігі мен аумақтық тұтастығына қол сұғуға, елдің ішкі саяси және әлеуметтік тұрақтылығын бұзуға бағытталған қызметі негізгі қауіп-қатерлердің бірі ретінде аталған [6]. Рухани қауіпсіздік мазмұнына қатысты кеңірек түсіндірмелер де бар. Мысалы, А.В. Тонкноговтың диссертациялық зерттеуінде: «Рухани қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің бір түрі ретінде қарастырылады және қазіргі қоғамның рухани саласының қорғалу деңгейін білдіреді. Ол мәдени, идеологиялық, ақпараттық-психологиялық, ғылыми, білім беру және діни қауіпсіздікті қамтиды» деп көрсетіледі [7, 13 б.].

Рухани қауіпсіздік феномені – қоғамның мәдени, моральдық және дүниетанымдық тұтастығын қамтамасыз ететін күрделі құбылыс. Ол адам мен қоғамның рухани өмірінің негізін құрайтын құндылықтар жүйесінің тұрақтылығы мен сабақтастығын сақтауға бағытталған [8]. Рухани қауіпсіздіктің аксеологиялық аспектісі ең алдымен құндылықтар иерархиясын, яғни ұлттық, мәдени және діни құндылықтардың қоғам өміріндегі орны мен маңызын айқындауға бағытталады. Бұл тұрғыдан алғанда рухани қаупсіздік – ұлттық мәдени кодтың сақталуы мен қоғам мүшелерінің құндылықтық бағдарларын тұрақтандырудың кепілі [9]. Аксеологиялық тұрғыдан рухани қауіпсіздік адамның рухани иммунитетін қалыптастырып, жаһандану дәуірінде сырттан енген жат идеологиялық және мәдени ықпалдарға қарсы тұру қабілетін арттырады [10, 58 б.]. Құндылықтық тұрақтылықтың әлсіреуі – әлеуметтік дезинтеграция мен моральдық дағдарыстың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Сондықтан да рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясаты қоғамдағы дәстүрлі мәдени және діни құндылықтардың сабақтастығын сақтауға бағытталуы тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та, өз сөздерінде ұлттық рух пен дәстүрге негізделген құндылықтық тұрақтылықты мемлекеттің идеологиялық тірегінің бірі ретінде атап өткен болатын [11].

Антропологиялық тұрғыдан алғанда, рухани қауіпсіздік адамның рухани болмысы мен оның өзін-өзі тану процесімен тығыз байланысты. Бұл бағытта адамның ішкі әлемін, ар-ождан, иман және ерік ұғымдарын талдау маңызды. Яғни рухани қауіпсіздік – жеке

тұлғаның өз мәнін, моральдық және рухани бағдарларын тану арқылы қоғамдағы үйлесімді өмірге бейімделуінің шарты [12, 43 б.].

Ясауи іліміндегі адам тәрбиесі мен нәпсі тәрбиесінің рухани қауіпсіздік контексіндегі мәні

Тұлға тәрбиесі – ол тек жеке адамның этикалық және рухани өсуімен қатар қоғамның ішкі үйлесімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды механизм. Қожа Ахмет Ясауи ілімі осы тұрғыдан ерекше орын алады: оның хикметтері мен педагогикалық ойлары жеке-жеке адамның нәпсі мен рухани кемелдікке жету идеясын қоғамның рухани қауіпсіздігін нығайту тұрғысынан қарастырады [13, 124 б.]. Ясауи ілімінің адам тәрбиесіне қатысты тұжырымдамасы адамды «кемел жан» (сопылық терминологияда «инсан камилді») қалыптастыруға бағытталған. Ол нәпсінің еркімен түскен құндылықтардан арылып, жүрек пен тәннің бірігуі арқылы Алланың құзырында ізгілікке жетуді көздейді. Ясауи хикметтерінде: «Егер нәпсі бақша қылынбаса, сүйген жүрек үнсіз қалады: мұның орны бос қалады» [14, 14 б.] делінген. Осы тұрғыдан қарағанда, тұлғаның ішкі «өмірге» бағытталған тәрбиесі – ол құлшылық, зікір, нәпсінің тәрбиесі мен тәннің бақылауы арқылы жүзеге асады [15, 121 б.]. А.Ясауи 2-хикметінде:

«Нышан қалмай бұрынғы «лә-лә» (жоқ-жоқ) едім,
Мухлис (ықылас қойып) болып, халис (шын айы) боп Алла дедім.
Таңғы зікір салдым да нұрға ендім,
«Фәнәфиллә» мақамын аштым әман.

Сүннет екен, кәпірге де берме азар,
Қатыгезден Құдай безер, сен де тазар.
Ондай құлға Алладан Сижжин таяр,
Данадан естіп сөзді айттым әман» [22, 11 б.], – деп, рухани тазару мен Аллаға берілудің, яғни фәнәфиллә (Аллада жоқ болу) мақамына жетудің сырлары бейнеленеді. А.Ясауи адам рухының кемелдікке ұмтылуы нәпсіні жеңі, мейірім мен кішіпейілділікті сақтау арқылы жүзеге асатынын поэтикалық тілмен жеткізеді. Ясауи ілімі бойынша нағыз мухлис пенде ғана нұрға бөленіп, рухани кемелдікке жете алады. Бұл хикмет жолдары адамның өз-өзімен рухани күресі мен Аллаға толық берілудің тәрбиелік мәнін аша түседі. Сонымен бірге, Ясауи адамның ішкі әлемін түзетпей, қоғамның рухани қауіпсіздігі де мүмкін еместігін меңзейді.

Қожа Ахмет Ясауи ілімі – түркі-ислам өркениетінің рухани өзегін құрайтын ілімдердің бірі. Бұл ілімнің өзегінде адамның өзін тануы, нәпсісін тәрбиелеу арқылы рухани кемелдікке жету идеясы жатыр. Д.Кенжетаевтың пайымдауынша, Ясауи дүниетанымының басты нысаны – адам және оның рухани болмысы, себебі Ясауи ілімі – рухты тәрбиелеу арқылы адамды, ал адам арқылы қоғамдық кемелдікке жеткізуді мақсат еткен тұтас антропологиялық жүйе [16, 57 б.]. Бұған байланысты Ясауи 16-хикметінде былай дейді:

Жаббар ием ғашықтарға сезім берді,
Шүкіретіп лаулап жанып, күйдім әман.
Екі әлемді танитұғын көзім берді,
Бұл жалғанды дұшпан танып жүрдім әман.

Жаннан безіп бір Хақты танып құштым,
Дариядай содан соң толып тастым.
Ләмәкәнді аралап мақам аштым,
Боқ дүниеге жүз мың талақ қойдым әман.

Ғашықтарға ақыл қарсы тұр алмас,
Ғашықтыққа бой алдырмай жүре алмас.
Өзін өзі пәруана жан біле алмас,
Жұмақтардан бұл сырды түйдім әман [22, 44 б.]. Бұл хикметтерімен адамның ішкі рухани сапары мен нәпсімен күрес процесін сипаттайды. Аллаға ғашық болған адам жүрегінде ерекше сезім – иләһи махаббат пайда болады, ол махаббат адамның жанын тазартып, дүниелік құмарлықтан арылтады. Осы жолда сопы өз «менінен» бас тартып, жан мен тән шегінен асып, рухтың шынайы еркіндігіне жетеді. Ясауи бұл һәлді «жаннан безіп Өақты танып құштым» және «бақилық ләмәкән әлеміне ену» арқылы көрсетеді. Бұл хикмет жолдарының негізгі ойы – нақты ақыл мен материалдық дүниенің шектеулерінен асып, қалбпен (жүрекпен) тануға шақыру. Аллаға ғашықтық – ақылға сыймас, бірақ рухты кемелдікке жеткізетін ең жоғарғы танымдық деңгейі. Ясауи бұл арқылы адам баласына өз рухын тәрбиелеуге, нәпсіден тазаруға және Хақпен бірігуге үндейді. Осы тұрғыдан алғанда, Ясауи іліміндегі адам тәрбиесі ұғымы моральдық-этикалық

қағидалар мен рухани практикалардың бірлігін қамтиды. Ясауи адамның ішкі әлемін «нәпсі», «қалб», «рух», және «ақыл» ұғымдары арқылы түсіндіреді. Бұл құрылым – адамның сыртқы мінезінен гөрі ішкі болмысын жетілдіруді көздейтін жүйе. Д.Кенжетаев мұны былай деп сипаттайды: «Ясауи танымында нәпсі – адамның табиғи, бірақ тәрбиеленуге тиіс бастауы. Оны бағындыру – рухани еркіндікке, өзіндік кемелдікке жетудің шарты» [17, 113 б.]. Осылайша нәпсімен күрес, яғни мүжәһада – Ясауи іліміндегі адам тәрбиесінің өзегі болып табылады. Р.Тұрысбек өз зерттеуінде Ясауи хикметтерінің тәрбиелік өлшеміне тоқтала отырып, «адам мінезін, имандылық пен сабырды қалыптастыруда Ясауи поэзиясының тәрбиелік қуаты зор» екенін жазады [18, 140 б.]. Ясауи үшін тәрбиенің мақсаты – адамды сыртқы діни формаға емес, ішкі рухани мазмұнға бағыттау. Бұл идея «рухани қауіпсіздік» ұғымымен тікелей байланысты. Өйткені рухани қауіпсіздік – қоғамның деструктивті, жат идеологияларға қарсы тұру қабілеті, ал ол қабілет ең алдымен жеке тұлғаның рухани тұрақтылығына негізделеді.

А.Әбдірасілқызы атап өткендей, Ясауи іліміндегі адам тәрбиесі Аллаға құлшылық пен адамға қызмет ету ұғымдарының тең дәрежеде тұруымен ерекшеленеді. Ол «адам адамға құл емес, Аллаға ғана құл» деген принципті моральдық жауапкершіліктің өлшемі ретінде қарастырады [19]. Демек, Ясауи тәрбие жүйесі адамды тәуелділіктен емес, рухани еркіндікке, өзін және өзгені сыйлауға, әділеттілікке шақырады.

Досай Кенжетаевтің «Зайырлы ел – қайырлы ел» атты еңбегінде бұл идея қазіргі заман контексінде жалғасын табады: «Бүгінгі рухани қауіпсіздік мәселесі – адамның ішкі әлемінің, ар-ожданның қауіпсіздігі. Ясауи ілімі осы рухани иммунитетті қалыптастыратын ең терең антропологиялық жүйе болып табылады» [20, 89 б.]. Сондықтан Ясауи іліміндегі адам мен нәпсі тәрбиесі қазіргі қоғамдағы рухани қауіпсіздік саясатының әдіснамалық негізіне айнала алады.

Ясауи іліміндегі нәпсімен күрес – рухани қауіпсіздіктің бірегей тетігі. Нәпсі, адамның ішіндегі жаман әдеттер, рухани әлсіздік үстемдік еткенде, қоғамда ұжымдық құндылықтардың эрозиясы пайда болуы мүмкін. Ясауи осы мәселені «көрінбейтін қауіп» ретінде қарастырады, яғни жеке адам нәпсісінің бақылауда болмауы қоғамның рухани иммунитетін әлсіретеді. Осы мақсатта ол хикметтерінде мынадай ұғымдарды насихаттайды: тәубе, мұқияттық, зікір мен жүрек тәрбиесі. Рухани қауіпсіздік контексті тұрғысынан Ясауи ілімінің мәні аса маңызды. Бүгінді жаһандандық, ақпараттық және идеологиялық бәсекелі ортада жеке тұлғаның ішкі рухани иммунитеті әлсіз болса, радикализм, экстремизм, құндылық бедеулері секілді түрлі әлеуметтік қауіптерге ашық болады. Ясауи ілімі – нәпсі тәрбиесі мен адамгершілік кемелдік ұстанымдары арқылы «рухани иммунитет» қалыптастыруды көрсетеді. Бұған байланысты М.Уразметов өз зерттеуінде Ясауи идеологиясының қоғамдағы тұрақтылық пен ішкі үйлесімділікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратындығын айтқан [15, 122 б.].

Ясауи педагогикасының моральдық-этикалық жауапкершілік мәселесімен байланысы көрінеді. Адам тәрбиесі жеке орындаған амалдар жиынтығымен қоса, жауапкершілік сана, жүрек тазалығы, қатынас мәдениеті арқылы жүзеге асады. Ясауи ілімінде адамның өз нәпсімен күресуі – қоғам алдындағы жауапкершілікті ұғынудың бір көрінісі. Бұл тұрғыдан оның хикметтеріндегі этикалық парадигма қазіргі заман педагогикасы мен рухани білім беруде қайта жаңғыруда [21, 812 б.].

Ясауи ілімінің адам тәрбиесіне қатысты тұжырымдамасы – адамның ішкі әлемін тәрбиелеу арқылы рухани тұрақтылықты қалыптастыру идеясына негізделеді. Бұл идея қазіргі заманның әлеуметтік-мәдени және діни сын-қытерлері жағдайында ұлттық рухани қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде өзектілігін арттыра түсуде.

Қорытынды

Қазіргі жаһандану дәуірінде рухани қауіпсіздік мәселесі қоғамның тұрақтылығы мен ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды кепіліне айналды. Материалдық құндылықтар басымдық алған заманда адамның ішкі әлемін, ар-ожданын, рухани иммунитетін

қалыптастыру – елдің рухани тәуелсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда Қожа Ахмет Ясауи ілімі – түркі-мұсылман өркениетінің рухани коды мен адам тәрбиесінің өнегелік мектебі ретінде ерекше маңызға ие. Ясауи дүниетанымындағы адам тәрбиесі концепциясы – иман, нәпсімен күрес, махаббат, әділет және ізгілік қағидаттарына негізделеді. Бұл ұстанымдар жеке тұлғаның рухани жетілуін ғана емес, сонымен бірге қоғамның моральдық тұрақтылығын қамтамасыз ететін тетіктердің бірі болып табылады. Ясауи іліміне сәйкес, рухани қаіпсіздік адамның өз нәпсісін тануы мен жүрек тазалығына ұмтылуынан басталады. Бұл идея бүгінгі таңда діни радикализм мен рухани дағдарыстың алдын алуда, жастардың дүниетанымдық бағдарын қалыптастыруда, жалпы қоғамның рухани тұтастығын нығайтуда өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан рухани қауіпсіздік феноменін зерттеуде Ясауи мұрасын тарихи-философиялық мұрамен қоса қазіргі заманның рухани қауіптеріне қарсы тұра алатын концептуалдық негіз ретінде қарастыру қажет. Оның адам тәрбиесіне қатысты идеялары – ұлттық сана мен діни дәстүрді үйлестіретін, ішкі еркіндік пен рухани кемелдікке жетелейтін құндылықтар жүйесі. Демек, Ясауи дүниетанымы қазіргі Қазақстан қоғамында рухани қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, рухани жаңғырудың және адам капиталының сапасын арттырудың әдіснамалық тірегі бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1 Ургалкин Ю. А., Бондарев С. И., Чеджемов Г. А. Городской муниципалитет как основной субъект социальной политики // Проблемы развития предприятий: теория и практика: материалы 13-й Международной научно-практической конференции, 27–28 ноября 2014 г. – Самара, 2014. – С. 310-311.

2 Бондарев С. И., Чеджемов Г. А. Социальные проблемы города // Известия института систем управления Самарского государственного экономического университета. – 2011. – № 2(3). – С. 11-16.

3 Беспаленко П. Н. Духовная безопасность современной России и поиски общенациональной идеологии // Научные ведомости Белгородского государственного университета. – 2009. – № 7. – С. 215–224.

4 Беспаленко П. Н. Духовная безопасность в системе национальной безопасности современной России: проблемы институционализации и модели решения: автореф. дис. … д-ра полит. наук. – Ростов-на-Дону, 2009. – 55 с.

5 Рыбаков С. Ю. Проблемы обеспечения духовной безопасности в системе образования России. – Рязань, 2011. – 304 с.

6 Беспаленко П. Н. Угрозы и вызовы духовной безопасности России. – Белгород, 2007. – С. 223

7 Тонконогов А. В. Духовная безопасность российского общества в условиях современного геополитического соперничества (социально-философский анализ): автореф. дис. … д-ра филос. наук. – М., 2011. – 13 с.

8 Сүлейменова Г. Рухани қауіпсіздік және ұлттық идея: философиялық талдау. – Астана: Фолиант, 2020.

9 Асылбеков Т. Ұлттық құндылықтар және рухани қауіпсіздік мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2018.

10 Қазіргі дәстүрден тыс діни ағымдар мен культтер.: оқу құралы / Авторлық ұжым: Байтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д., Абжалов С.У., және т.б. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2023. – 326 б.

11 Тоқаев Қ.-Ж. «Әділетті Қазақстан – барлық азамат үшін ортақ игілік» атты Қазақстан халқына Жолдау. – Астана: Президент баспасөз қызметі, 2023.

12 Құдайберген Б. Адамның рухани болмысы және құндылықтар жүйесі. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2021.

13 Sala R. Ahmed Yasawi: Life, words and significance in the Kazakh culture // Bulletin of the Kazakh National University. Series of History. – 2018. – № 2. – P. 115–138.

14 Khamzaev Sh. The role of Yasawi's ideology in ensuring stability in society // World Bulletin of Social Sciences (WBSS). – 2023. – № 29. – P. 13–15.

15 Tursunboyevich M. The manifestation of the spiritual, moral ideas in the teachings of Khoja Ahmad Yassawi and Sulayman Baqirghani // The Journal of Contemporary Issues in Business and Government. – 2021. – Vol. 27, № 3. – P. 119–122.

16 Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: Арыс, 2008. – 360 б.

17 Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымының түркі ислам фиолософиясы тарихындағы орны. – Түркістан, 2012. – 288 б.

18 Turysbek P. C. Fundamentals of humanism and morality (on the Hikmetas of Khoja Ahmed Yassawi) // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. – 2023. – Vol. 142, № 1. – P. 134–145.

19 Әбдірәсілқызы А. Олар «ұлт» деген ұғым мен құндылықты есепке алмайды, өз көзқарастарына ортақ болғандарды ғана «мұсылман бауырлар» деп санайды // [Электронды ресурс] URL: https://abai.kz/post/10054 (Қаралған күні: 10.11.2025).

20 Кенжетай Д. Зайырлы ел – қайырлы ел. – Алматы: Көкжиек, 2017. – 391 б.

21 Shakarova N. Pedagogical ideas of Ahmad Yassavi // Scientific Journal "Scientific Progress". – 2022. – Vol. 4, № 3. – P. 812–815.

22 Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет: кітап / шағатай тілінен ауд.: К. Асетова, Т. Қыдыр. – Алматы: Издательство «Золотая книга» ЖШС, 2021. – 352 б.

Transliteration

1 Urgalkin Ju. A., Bondarev S. I., Chedzhemov G. A. Gorodskoj municipalitet kak osnovnoj subekt social'noj politiki [The city municipality as the main subject of social policy] // Problemy razvitija predprijatij: teorija i praktika: materialy 13-j Mezhdunarodnoj nauchno-

prakticheskoj konferencii, 27–28 nojabrja 2014 g. – Samara, 2014. – S. 310-311. (in Russ)

2 Bondarev S. I., Chedzhemov G. A. Social'nye problemy goroda [Social problems of the city] // Izvestija instituta sistem upravlenija Samarskogo gosudarstvennogo jekonomicheskogo universiteta. – 2011. – № 2(3). – S. 11-16. (in Russ)

3 Bespalenko P. N. Duhovnaja bezopasnost' sovremennoj Rossii i poiski obshhenacional'noj ideologii [Spiritual security of modern Russia and the search for a national ideology] // Nauchnye vedomosti Belgorodskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2009. – № 7. – S. 215–224. (in Russ)

4 Bespalenko P. N. Duhovnaja bezopasnost' v sisteme nacional'noj bezopasnosti sovremennoj Rossii: problemy institucionalizacii i modeli reshenija [Spiritual security in the national security system of modern Russia: problems of institutionalization and solution models]: avtoref. dis. … d-ra polit. nauk. – Rostov-na-Donu, 2009. – 55 s. (in Russ)

5 Rybakov S. Ju. Problemy obespechenija duhovnoj bezopasnosti v sisteme obrazovanija Rossii [Problems of Ensuring Spiritual Security in the Russian Education System]. – Rjazan', 2011. – 304 s. (in Russ)

6 Bespalenko P. N. Ugrozy i vyzovy duhovnoj bezopasnosti Rossii [Threats and challenges to Russia's spiritual security]. – Belgorod, 2007. – S. 223 (in Russ)

7 Tonkonogov A. V. Duhovnaja bezopasnost' rossijskogo obshhestva v uslovijah sovremennogo geopoliticheskogo sopernichestva (social'no-filosofskij analiz) [Spiritual security of Russian society in the context of modern geopolitical rivalry (socio-philosophical analysis)]: avtoref. dis. … d-ra filos. nauk. – M., 2011. – 13 s. (in Russ)

8 Suleimenova G. Ruhani kauipsizdik zhane ulttyk ideja: filosofijalyk taldau [Spiritual security and the national idea: a philosophical analysis]. – Astana: Foliant, 2020. (in Kazakh)

9 Asylbekov T. Ulttyk kundylyktar zhane ruhani kauipsizdik maseleleri [National values and issues of spiritual security]. – Almaty: Kazak universiteti baspasy, 2018. (in Kazakh)

10 Kazirgi dasturden tys dini agymdar men kul'tter. [Modern non-traditional religious movements and cults]: oku kuraly / Avtorlyk uzhym: Bajtenova N.Zh., Kurmanalieva A.D., Abzhalov S.U., zhane t.b. – Almaty: Kazak un-ti, 2023. – 326 b. (in Kazakh)

11 Tokaev K.-Zh. «Adiletti Kazakstan – barlyk azamat ushin ortak igilik» atty Kazakstan halkyna Zholdau. [Address to the people of Kazakhstan «A fair Kazakhstan is a common good for all citizens»] – Astana: Prezident baspasoz kyzmeti, 2023. (in Kazakh)

12 Kudajbergen B. Adamnyn ruhani bolmysy zhane kundylyktar zhujisi [The spiritual nature of man is a daily routine]. – Nur-Sultan: L.N. Gumilev atyndagy EUU baspasy, 2021. (in Kazakh)

13 Sala R. Ahmed Yasawi: Life, words and significance in the Kazakh culture // Bulletin of the Kazakh National University. Series of History. – 2018. – № 2. – P. 115–138.

14 Khamzaev Sh. The role of Yasawi's ideology in ensuring stability in society // World Bulletin of Social Sciences (WBSS). – 2023. – № 29. – P. 13–15.

15 Tursunboyevich M. The manifestation of the spiritual, moral ideas in the teachings of Khoja Ahmad Yassawi and Sulayman Baqirghani // The Journal of Contemporary Issues in Business and Government. – 2021. – Vol. 27, № 3. – P. 119–122.

16 Kenzhetaj D. Kozha Ahmet Jasaui dunietanymy [Khoja Akhmet Yassawi's worldview]. – Almaty: Arys, 2008. – 360 b. (in Kazakh)

17 Kenzhetaj D. Kozha Ahmet Jasaui dunietanymynyn turki islam fiolosofijasy tarihyndagy orny [The place of Khoja Akhmed Yassawi's worldview in the history of Turkic Islamic philosophy]. – Turkistan, 2012. – 288 b. (in Kazakh)

18 Turysbek R. S. Fundamentals of humanism and morality (on the Hikmetas of Khoja Ahmed Yassawi) // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. – 2023. – Vol. 142, № 1. – P. 134–145.

19 Abdirasilkyzy A. Olar «ult» degen ugym men kundylykty esepke almajdy, oz kozkarastaryna ortak bolgandardy gana «musylman bauyrlar» dep sanajdy [They do not take into account the concept and value of "nation", and consider only those who share their views as "Muslim brothers"] // [Jelektrondy resurs] URL: https://abai.kz/post/10054 (Karalgan kyni: 10.11.2025). (in Kazakh)

20 Kenzhetaj D. Zajyrly el – kajyrly el [secular country – good country]. – Almaty: Kokzhiek, 2017. – 391 b. (in Kazakh)

21 Shakarova N. Pedagogical ideas of Ahmad Yassavi // Scientific Journal "Scientific Progress". – 2022. – Vol. 4, № 3. – P. 812–815.

22 Kozha Ahmet Jasaui. Diuani hikmet [Diwani Hikmet]: kitap / shagataj tilinen aud.: K. Asetova, T. Kydyr. – Almaty: Izdatel'stvo «Zolotaja kniga» ZhShS, 2021. – 352 b. (in Kazakh)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Бауыржан Куанышбаевич Ботакараев аға ғылыми қызметкер, PhD, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» Ясауитану ғылыми орталығы, Түркістан, Қазақстан, email: bake.kaz.tr@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8164-8049

Сайпулла Моллақанағатұлы «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» Ясауитану ғылыми орталығының басшысы, Түркістан, Қазақстан, email: mollakanagatuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8411-5977

Саян Турысбекович Шылмамбетов аға оқытушы, PhD, А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Теология факультеті, Түркістан, Қазақстан, email: sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0000-0002-5734-3149

Нұрперзент Аханұлы Қыпшақбаев ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, Теология кафедрасының оқытушысы, А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, email: nurperzent.kypshakbayev@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0009-0008-0723-1481

Бауыржан Куанышбаевич Ботакараев старший научный сотрудник, PhD, Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан» Научный центр Яссавиведения, Туркестан, Казахстан, email: bake.kaz.tr@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8164-8049

Сайпулла Моллаканагатұлы руководитель Научного центра Ясавиведения Национального историко-культурного музей-заповедника «Азрет Султан» Туркестан, Казахстан, email: mollakanagatuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8411-5977

Саян Турысбекович Шылмамбетов старший преподаватель, PhD, Факультет Теологии Международного казахско-турецкого университета им. А.Ясави, Туркестан, Казахстан, email: sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0000-0002-5734-3149

Нурперзент Аханович Кыпшакбаев заместитель декана по научной и воспитательной работе, преподаватель, кафедра Теологии, Международный казахско-турецкий университета им. А.Ясави, Туркестан, Казахстан, email: nurperzent.kypshakbayev@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0009-0008-0723-1481

Bauyrzhan Botakarayev Senior Researcher, PhD, National Historical and Cultural Museum-Reserve “Azret Sultan” Yassavi Research Center, Turkestan, Kazakhstan, email: bake.kaz.tr@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8164-8049

Saipulla Mollakanagatuly Head of the Yassawi Research Center of the National Historical and Cultural Museum-Reserve “Azret Sultan” Turkestan, Kazakhstan, email: mollakanagatuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8411-5977

Sayan Shylmambetov Senior Lecturer, PhD, Faculty of Theology, A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, email: sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0000-0002-5734-3149

Nurperzent Kypshakbayev Deputy Dean for Research and Educational Affairs, Lecturer, Department of Theology, A.Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, email: nurperzent.kypshakbayev@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0009-0008-0723-1481

IRSTI 02.41.21 https://doi.org/10.48010/aa.v28i1(107).904

THE CONCEPT OF VALUE IN SOCIO-PHILOSOPHICAL DISCOURSE: ETYMOLOGICAL FOUNDATIONS AND TRANSFORMATIONS

[1,2] N.R. Pirnazarov, [3]A.K.Berdimuratova

ABSTRACT

This article provides a socio-philosophical and etymological analysis of the concept of "value" as a fundamental category within axiological and social theory. Despite the extensive treatment of values in philosophical discourse, insufficient attention has been given to their etymological genesis as a determinant of their conceptual transformation across historical epochs. Addressing this gap, the study aims to reconstruct the semantic and theoretical evolution of the concept of value from its Latin origin valere to its contemporary interpretations within modern and post-industrial societies.

The research employs an interdisciplinary methodological framework combining axiological analysis, historical-philosophical reconstruction, and comparative semantics. The findings reveal that the concept of value undergoes a continuous process of reinterpretation, reflecting shifts in dominant socio-cultural paradigms - from the primacy of moral and intellectual virtues in antiquity to the rationalization, commodification, and informationalization of value in modernity and postmodernity. It is demonstrated that value systems serve as structural indicators of social transformation and as regulatory mechanisms within institutional and cultural dynamics.

The author argues that the etymological dimension of the concept of value is not merely linguistic but epistemologically significant, as it encodes fundamental changes in human worldview orientations and social practices. In the context of globalization and digital transformation, the reconfiguration of value systems acquires a multidimensional and hybrid character, necessitating a reconceptualization of value within a technogumanistic framework.

Key words: Value, Axiology, Socio-Philosophical Analysis, Etymology, Social Transformation, Value Systems, Technogumanism, Cultural Dynamics.

[1]Tashkent Institute of Irrigation and Agricultural Mechanization Engineers National Research University, Tashkent, Uzbekistan

[2] Sarbon University, Tashkent, Uzbekistan

[3]Karakalpak State University, Nukus, Uzbekistan

Author-correspondent: Pirnazarov N.R., n_pirnazarov@tiiame.uz

Citation: Pirnazarov N.R., Berdimuratova A.K. The Concept of Value in Socio-Philosophical Discourse: Etymological Foundations and Transformations // Adam Alemi. – 2026. – Vol. 28. No.1 (107). – P. 61-70.

Құндылық ұғымы әлеуметтік-философиялық дискурста: этимологиялық негіздері мен трансформациялары

Аңдатпа. Бұл мақалада «құндылық» ұғымы аксиологиялық және әлеуметтік теория шеңберіндегі іргелі категория ретінде әлеуметтік-философиялық және этимологиялық тұрғыдан талданады. Философиялық дискурста құндылықтар мәселесі кеңінен зерттелгеніне қарамастан, олардың тарихи дәуірлердегі ұғымдық трансформациясын айқындайтын этимологиялық генезисіне жеткілікті назар аударылмаған. Осы ғылыми олқылықты толтыру мақсатында зерттеу латын тіліндегі *valere* сөзінен бастау алатын «құндылық» ұғымының семантикалық және теориялық эволюциясын қазіргі және постиндустриалдық қоғам жағдайындағы түсіндірмелеріне дейін қайта қарастырады.

Зерттеу аксиологиялық талдау, тарихи-философиялық реконструкция және салыстырмалы семантика әдістерін біріктіретін пәнаралық әдіснамалық негізге сүйенеді. Нәтижелер «құндылық» ұғымының үнемі қайта интерпретацияланатынын көрсетеді, бұл антикалық дәуірдегі моральдық және зияткерлік ізгіліктердің басымдығынан бастап, қазіргі және постмодерн кезеңдердегі құндылықтардың рационалдануы, тауарлануы және ақпараттандырылуына дейінгі әлеуметтік-мәдени парадигмалардың өзгерістерін бейнелейді. Сонымен қатар, құндылықтар жүйесі әлеуметтік трансформацияның құрылымдық көрсеткіші әрі институционалдық және мәдени динамикадағы реттеуші механизм ретінде қарастырылады.

Автордың пікірінше, «құндылық» ұғымының этимологиялық өлшемі тек тілдік сипатқа ие емес, ол эпистемологиялық тұрғыдан да маңызды, өйткені ол адамзаттың дүниетанымдық бағдарлары мен әлеуметтік тәжірибелеріндегі түбегейлі өзгерістерді бейнелейді. Жаһандану мен цифрлық трансформация жағдайында құндылықтар жүйесінің қайта құрылуы көпқырлы әрі гибридті сипатқа ие болып, оны техногуманистік тұрғыдан қайта пайымдауды талап етеді.

Түйін сөздер: құндылық, аксиология, әлеуметтік-философиялық талдау, этимология, әлеуметтік трансформация, құндылықтар жүйесі, техногуманизм, мәдени динамика.

Понятие ценности в социально-философском дискурсе: этимологические основания и трансформации

Аннотация. В данной статье представляется социально-философский и этимологический анализ понятия «ценность» как фундаментальной категории в рамках аксиологии и социальной теории. Несмотря на широкую разработанность проблемы ценностей в философском дискурсе, недостаточное внимание уделяется их этимологическому генезису как фактору, определяющему концептуальную трансформацию в различных исторических эпохах. В связи с этим целью исследования является реконструкция семантической и теоретической эволюции понятия «ценность» от его латинского происхождения valere до современных интерпретаций в условиях модерна и постиндустриального общества.

Исследование опирается на междисциплинарную методологическую основу, включающую аксиологический анализ, историко-философскую реконструкцию и сравнительную семантику. Полученные результаты показывают, что понятие «ценность» претерпевает непрерывный процесс переосмысления, отражая смену доминирующих социокультурных парадигм — от приоритета моральных и интеллектуальных добродетелей в античности до процессов рационализации, коммодификации и информатизации ценностей в условиях модерна и постмодерна. Показано, что системы ценностей выступают структурными индикаторами социальных трансформаций и выполняют регулирующую функцию в институциональной и культурной динамике.

Автор утверждает, что этимологическое измерение понятия «ценность» имеет не только лингвистическое, но и эпистемологическое значение, поскольку отражает фундаментальные изменения в мировоззренческих ориентациях и социальных практиках человека. В условиях глобализации и цифровой трансформации переосмысление систем ценностей приобретает многомерный и гибридный характер, что требует их реконцептуализации в рамках техногуманистического подхода.

Ключевые слова: ценность, аксиология, социально-философский анализ, этимология, социальная трансформация, системы ценностей, техногуманизм, культурная динамика

Introduction

In contemporary socio-philosophical discourse, the concept of "value" occupies a central position as a fundamental category that determines human behavior, social structures, and cultural dynamics. Values function not only as normative regulators of individual and collective actions but also as key indicators of the level and direction of social development. Studies of value systems across different societies demonstrate their role in shaping worldview orientations and social consciousness [1, p. 78–90].

Despite the extensive body of research devoted to axiology, the problem of value remains theoretically open and methodologically complex. Existing studies predominantly focus on normative, ethical, or sociological aspects of values, often overlooking their etymological foundations as a crucial dimension of conceptual analysis. At the same time, interdisciplinary approaches to the study of values emphasize the importance of integrating linguistic, philosophical, and sociological perspectives [2, p. 82–96].

The etymological genesis of the concept of "value," rooted in the Latin term *valere*, reveals its original semantic connection with strength, worth, and significance. Classical economic and philosophical interpretations, particularly in the works of K. Marx, highlight that value initially emerged as a characteristic of the usefulness and significance of objects for human needs [3, p. 307]. This demonstrates that the concept of value has always been closely linked to both material and symbolic dimensions of human existence.

Historical and philosophical analysis shows that value systems have undergone continuous transformation across different epochs. In antiquity, values were associated with virtue, rationality, and the pursuit of the good, as reflected in classical philosophical traditions [4, p. 300–301]. In the medieval period, value systems were reinterpreted within a theological framework, where truth, faith, and divine order became dominant, as emphasized in the works of Augustine [5, p. 164; 6, p. 268]. During the Renaissance, values shifted toward humanism, anthropocentrism, and the affirmation of human dignity and intellectual freedom [7, p. 37].

In the modern period, the development of science, rationalism, and capitalist relations significantly transformed value orientations. As M.Weber and later theorists have shown, rationalization and economic efficiency became central principles of modern value systems. The rise of industrial society further reinforced values such as labor, productivity, and education, while also contributing to the standardization of social norms and cultural patterns [8, p. 162; 9, p. 19].

Contemporary transformations associated with globalization, digitalization, and the tran-

sition to post-industrial society have led to a reconfiguration of value systems. According to M.Castells, the information age is characterized by the growing importance of knowledge, information, and network structures as dominant values [10]. Similarly, modern studies emphasize that labor, creativity, and intellectual capital are becoming key components of value systems in post-industrial economies [11, p. 69; 12, p.19].

Thus, value systems are continuously reconstructed in response to socio-economic, cultural, and technological changes. They function as structural indicators of social transformation and as regulatory mechanisms within institutional and cultural dynamics. At the same time, the analysis of values provides important insights into the level of development and transformation of social institutions .

However, despite significant theoretical developments, there remains a lack of integrative studies that combine socio-philosophical analysis with etymological reconstruction. This gap determines the novelty of the present research. Unlike previous approaches, which primarily examine values within ethical or sociological frameworks, this study emphasizes the epistemological significance of etymology as a methodological tool for understanding the transformation of value systems.

The purpose of this article is to analyze the concept of value as a socio-philosophical category through its etymological foundations and to identify patterns of its transformation across historical and cultural contexts. The study is based on an interdisciplinary methodological framework that includes axiological analysis, historical-philosophical reconstruction, and comparative semantics.

Түркі жазба мұрасында Миғраж тақырыбы «Миғражнама», «Қисса-и Миғраж» секілді қолжазбалық ескерткіштер арқылы көркемтанымдық сипат алып, сопылық-дидактикалық дәстүрдің қалыптасуына ықпал етті. Бұл туралы Marc Toutant өзінің *Марк Тутан «Түркі (Türkī) тіліндегі Тимур дәуірінің миғраж баяндамалары: Бір Пайғамбар, екі үлгі»* атты мақаласында Фарс өлкесінде (құрамына Шираз, Йезд және Исфахан қалалары кірген) билікке келгеніне шамамен үш жыл өткен соң, 1409–1414 жылдары осы өңірді басқарған Әмір Темірдің немересі Ескендір сұлтанның бірқатар теологиялық мәселелерге қатысты сұрақтардан тұратын сауалнаманы сопы шейх Шах Ниʿматуллаһ Уәли Кирманиға (қ. 1431) және теолог Сәййид Шариф Журжаниға (қ. 1413–1414) жолдағанын атап көрсетеді. [12, 459-б.].

XV ғасырдың екінші жартысынан бастап Тимур әулеті құлағанға дейін миғраж тақырыбы ханзадалар сарайындағы ақындар мен суретшілер үшін тұрақты түрде сүйікті тақырып әрі шабыт көзіне айналды. Дәл осы сарайлық интеллектуалдық сұраныс миғражды тек ғарыштық сапар ретінде емес, рухтың кемелдену траекториясын бейнелейтін символдық құрылым ретінде түсіндіруге негіз қалады. Осы мәдени-интеллектуалдық ортада миғраждың аспан қабаттары арқылы өтуі, ғарыштың сатылы құрылымы мен космологиялық иерархиясы жөніндегі бейнелеулердің қалыптасуына Әмір Темірдің тағы бір немересі – Ұлықбек негізін қалаған Самарқанд расатханасының салынуы тікелей байланысты болды деп пайым-дауға болады. Себебі ханзадалар сарайында миғраж тақырыбына деген тұрақты қызығушылық пен оны ғылыми-рационалдық тұрғыдан пайымдауға ұмтылыс астрономиялық бақылауларды жүйелеуге, аспан сфераларының құрылымын нақты есепке негіздеп түсіндіруге деген қажеттілікті күшейтті.

Ұлықбек мектебінде дамыған математикалық астрономия мен аспан сфераларының дәл есепке негізделген моделі Тимур дәуіріндегі интеллектуалдық кеңістікте ғарыш туралы рационалдық түсінікті тереңдетіп, миғраж баяндарындағы аспан қабаттарының жүйелі, иерархиялық сипатта суреттелуіне танымдық алғышарт қалыптастырды. Осы тұрғыдан алғанда, миғраж мәтіндері діни-мистикалық мазмұнмен қатар, Тимур дәуіріне тән ғылыми-астрономиялық дүниетанаммен астаса отырып, Пайғамбар сапарын ғарыштық әрі рухани кемелденудің тұтас моделі ретінде ұсынған күрделі символдық дискурс ретінде бағалануы мүмкін. Өйткені бірінші аспанда Адам пайғамбармен (а.с.) кездесудің баяндалуы адам болмысының моральдық жауапкершілікке негізделген бастапқы құрылымын, аманат ұғымын және еркін таңдау феноменін білдіретін символдық мәнге ие. Ислам ілімінде Адам (а.с.) адамзаттың архетипі әрі «аманат» жүктелген алғашқы субъект ретінде түсіндіріліп балай баяндалады;

«Расында, біз аманатты (яғни, өз еркімен Аллаға лайықты құл болу сынды үлкен жауапкершілікті) жеті қат көкке, жерге және тауларға (мойындарыңа алыңдар деп) ұсындық. Алайда олар оны мойындарына алудан қашты, оның ауыр жауапкершілігінен қорықты. Сөйтіп, оны адам баласы өз мойнына алды...» [1, 227-б.].

Демек бұл аманат еркін таңдау, моральдық жауапкершілік және әрекеттің салдарын мойындау қабілетімен тікелей байланыстырылады. Жоғарыда баяндаған хадис мәтініндегі « Біз бірінші аспанға жеткенде, Жәбірейіл аспанның күзетшісіне: "Аш", – деді. Ол: "Кім бұл?" – деп сұрады. Жәбірейіл: "Бұл – Жәбірейіл", – деді. Күзетші: "Сенімен бірге біреу бар ма?" – деді. Ол: "Иә, менімен бірге Мұхаммед бар", – деді. "Оған шақыру түсті ме?" – дегенде, "Иә", – деп жауап берді. Сонда қақпа ашылды. Бірінші аспанда оң жағында да, сол жағында да көптеген қара көлеңкелер тұрған бір адамды көрдім. Ол оң жағына қарағанда күледі, ал сол жағына қарағанда жылайды. Ол маған: "Қош

келдің, ізгі пайғамбар, ізгі ұрпағым", – деді. Мен Жәбірейілден: "Бұл кім?" – деп сұрадым. Ол: "Бұл – Адам. Ал оның оң және сол жағындағы көлеңкелер – оның ұрпақтарының рухтары. Оң жағындағылар – жәннаттықтар, сол жағындағылар – тозақтықтар", – деді. (al-Bukhari, 2001). Деген мәтінге назар салсақ, Адам пайғамбардың (а.с.) Миғраж сапары барысында бірінші аспанда орналасуы және оның оң жағында жәннатқа, сол жағында тозаққа бағытталған ұрпақтарының бейнеленуі адам болмысының бастапқы жаратылысынан-ақ моральдық таңдау кеңістігінде тұрғанын айқын көрсетеді. Адам пайғамбардың оң жағына қарағанда қуанып, сол жағына қарағанда мұңаюы ұрпақ тағдырының адамның ерікті әрекеттері мен этикалық шешімдеріне тәуелді екенін білдіретін символдық-антропологиялық көрініс ретінде түсіндіріледі. Миғраждағы Адам пайғамбармен (а.с.) кездесудің адамзат тарихының ең бастапқы кезеңінен-ақ жаратылыс пен тағдырды фаталистік емес, ерік пен жауапкершілікке негізделген моральдық құрылым ретінде орнықтырғанын айқындайтынын көрсетеді. Миғраж сапарының алғашқы сатысында Адам пайғамбардың орналасуы адамның Хаққа жақындау жолы алдымен аманат ұғымын, яғни ерікті таңдау, моральдық есеп және жауапкершілікті мойындаудан басталатынын білдіретін антропологиялық-онтологиялық белгі ретінде түсіндіріледі. Бұл тұрғыдан алғанда, Адам пайғамбар бейнесі адамзаттың биологиялық бастауы ғана емес, оның ерікті әрі есеп беруші моральдық субъект ретінде қалыптасуының іргелі негізін білдіреді. Аталған түсіндіру ислам философиялық антропологиясында және кәләм мен сопылық дәстүрде адамды «мүкәлиф», яғни жауапкершілік жүктелген болмыс ретінде сипаттайтын қағидалармен толық үйлеседі. Осылайша, Миғраж сапарының бастапқы сатысы кейінгі аспан қабаттарында көрініс табатын рухани кемелдену деңгейлеріне этикалық және антропологиялық тұрғыдан берік концептуалдық алғышарт қалыптастырады.

Екінші аспанға көтерілу кезеңінде пайғамбарлық кездесулердің мазмұны адам болмысының келесі рухани өлшемдеріне, атап айтқанда ішкі тазалық пен рухани жаңғыру мәселелеріне ойысады.

Иса мен Яхия пайғамбарлармен кездесу рухани тазалық пен нәпсіні тәрбиелеудің символы ретінде көрініс тапса, Юсуф пайғамбар эстетикалық кемелдік пен ішкі үйлесімділікті, көркем мінез арқылы хақиқатқа жақындау идеясын бейнелейді. Идрис пайғамбар – білім, ойлау және интеллектуалдық өрлеудің белгісі ретінде ұсынылса, Һарун пайғамбармен кездесу әлеуметтік үйлесім мен қауымдық жауапкершілікті, ал Мұса пайғамбар құқықтық тәртіп пен әділет қағидаларын меңзейді. Соңғы сатыда Ибраһим пайғамбармен (а.с.) кездесу абсолют тәуекел мен толық тәуекелдің мойынсұнудың көрінісі ретінде ұсынылады.

Бұл сатылық құрылым қазіргі психология мен философиядағы тұлғалық даму модельдерімен де үндес келеді, яғни адам кемелденуі биологиялық, моральдық, эстетикалық, интеллектуалдық, әлеуметтік және рухани деңгейлер арқылы біртіндеп жүзеге асады.

Миғраж баянында Сидратул-Мунтаһа жаратылған болмыстың шекті межесі ретінде бейнеленіп, рационалдық таным мен логикалық пайымдаудың мүмкіндігі тоқтайтын трансценденттік кеңістік ұғымын айқындайды. Бұл шек философиялық тұрғыдан И. Канттың адам танымын феномендік және ноумендік аймақтарға бөліп қарастырған тұжырымдамасымен өзара сабақтас келеді.

И. Кант "*Immanuel Kant, Kritik der reinen Vernunft*" атты еңбегінде «феноменді сезімдік тәжірибе арқылы берілетін және ақыл категориялары арқылы құрылатын болмыс ретінде сипаттайды. Ал ноумен «заттың өз-өзіндегі күйі» (*Ding an sich*) ретінде анықталып, ол ақыл арқылы ойлауға болатынмен, эмпириялық тәжірибеде берілмейтін, сол себепті объективті таным нысанына айналмайтын трансценденттік аймақ ретінде түсіндіріледі» [13, 211-б.].

Осы теориялық жіктеу Сидратул-Мунтаһадан кейінгі кеңістіктің рационалдық таным үшін қолжетімсіздігін философиялық деңгейде ұғындыруға мүмкіндік беріп, Миғраж баянындағы бұл межені жаратылған болмыс пен таным шекарасын айқындайтын метафизикалық шек ретінде пайымдауға негіз қалайды.

Миғраждың жердегі нақты нәтижесі ретінде парыз етілген намаз дәстүрлі ислам ілімінде «Миғраждың жердегі жалғасы»

деп түсіндіріліп, адамның ішкі тәртібін, рухани тұрақтылығын және өзін-өзі реттеу қабілетін қалыптастыратын тұрақты рухани практика ретінде қарастырылады; қазіргі нейроғылымдағы зерттеулер де жүйелі рухани тәжірибелердің нейропластикалық үдерістерді күшейтіп, эмоционалдық тепе-теңдік пен психологиялық орнықтылыққа оң ықпал ететінін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Миғраж ілімі ғылым мен иманның үйлесімділігін, рухани жауапкершілік пен өркениеттік этиканың өзара сабақтастығын айқындайтын кешенді үлгі ретінде көрініс табады: ол бір жағынан танымның шекарасын көрсетсе, екінші жағынан адамды кемелдікке, ішкі тәртіпке және әлеуметтік-мәдени жауапкершілікке жетелейтін әмбебап тәрбиелік-өркениеттік бағдар қызметін атқарады.

Осы әмбебап құрылым Миғраж феноменін тек тарихи немесе ғарыштық оқиға ретінде емес, онтологиялық және гносеологиялық деңгейде пайымдауға мүмкіндік береді. Яғни, Миғраж адам танымының шектеулілігін айқындай отырып, болмыстың эмпириялық қабатынан тыс трансценденттік өлшемдердің бар екенін көрсетеді. Бұл методологиялық ұстаным Миғражды ақылға қайшы құбылыс ретінде емес, керісінше эмпириялық таным шегінен жоғары орналасқан метафизикалық феномен ретінде түсіндіруге негіз қалайды.

Осындай теориялық негіз сопылық-философиялық дәстүрде Миғраж ұғымының символдық және аллегориялық интерпретациялануына жол ашты. Атап айтқанда, парсы сопылық ойында Низами Гәнжауи поэмаларында Миғраж ғарыштық сапардан гөрі адамның болмыстық жетілуі мен махаббат арқылы кемелдікке ұмтылуын бейнелейтін рухани модель ретінде көрініс тапты. Бұл жайлы «Алтын Орда әдебиеті: генезис, жанрлық ерекшелік, дәстүр жалғастығы» (ұжымдық монография) атты еңбекте «Қарахандықтар билігі тұсында өмір сүрген Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Жүйнеки және Сүлеймен Бақырғани сияқты қаламгерлердің туындыларында көрініс берген идеяларды Алтын Орданың ақындары кеңінен жырласа, Сағди Ширази, Фердауси Туси, Фарид әд-Дин Аттар, Низами Гәнжауи, Жәлаладдин Руми секілді парсы ақындарының шығармаларындағы сюжеттерді одан әрі дамытып, жекелеген образдарды қайта сомдады» деп атап көрсеткен. [14, 8-б.]. (Алтын Орда әдебиеті, 2022).

Сондай-ақ осы әдеби-мәдени сабақтастық Миғраж ұғымының тек діни мәтіндік шеңберде ғана емес, кең өркениеттік-интеллектуалдық дискурс аясында дамығанын көрсетеді. Бұл үдеріс парсы сопылық-әдеби дәстүрінде айқын байқалады. Мәселен, Низами Гәнжауидің «Хамса» циклындағы дастандық құрылымда Миғраж мотиві тарихи мұғжиза сипатында ғана емес, адамның болмыстық жетілуі мен рухани өрлеуінің символдық моделі ретінде интерпретацияланады.

Атап айтқанда, «Махзан әл-Асрар» («Құпиялар қазынасы») поэмасының кейбір иллюстрациялық қолжазба нұсқаларында берілген Миғраж көріністері мәтіндік мазмұнды иконографиялық деңгейде тереңдететін визуалды-герменевтикалық модель ұсынады.

(1-миниатюра: Пайғамбардың көкке көтерілу көрінісі, 3b том) [15, 8-б.].

Бұл миниатюра Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) түнгі сапары мен аспанға көтерілуін исламдық көркем дәстүр аясында символдық түрде бейнелейді. Пайғамбар нұр аясында, Бураққа мінген күйде көрсетіліп, жаратылыстық және трансценденттік кеңістіктердің тоғысуын меңзейді. Жебірейіл періште мен айналадағы періштелер композицияның мистикалық мазмұнын тереңдете түседі. Алтын бұлттар мен жұлдызды аспан көтерілу динамикасын айқындаса, ультрамарин мен алтын түстердің үйлесімі сафави миниатюра мектебіне тән эстетикалық поэтиканы танытады. Осы-

лайша көркем бейнелеу Миғражды тарихи оқиға ғана емес, рухани трансформацияның символдық моделі ретінде ұсынатын исламдық интеллектуалдық дәстүрдің көрінісі.

Миғраж оқиғасының миниатюралық өнердегі бұл бейнелеу Низами, Сағди және кейінгі түркі сопылық әдебиетіндегі Миғраж интерпретацияларымен мазмұндық әрі метафоралық тұрғыдан үйлеседі.

Сағди Ширазидің «Ләйлә мен Мәжнүн» поэтикалық мұрасындағы пайғамбарлық көтерілу мотиві адам жанын тазарту, нәпсіні тәрбиелеу және махаббат арқылы кемелдікке жету идеясымен сабақтастырылады.

(№2 миниатюра: Пайғамбардың көкке көтерілу көрінісі, 4b том) [16, 9-б.].

Миниатюра №2 (Лист: 4b) композициялық құрылымы жағынан исламдық мистикалық сананың көркем интерпретациясын бейнелейді. Онда Пайғамбардың (с.а.у.) Исра және Миғраж сапары нұрмен көмкерілген сакралды бейне арқылы ұсынылып, Бурақтың қанатты әрі адам жүзді сипатта берілуі жерлік және аспани болмыстың символдық тоғысын білдіреді. Жәбірейіл періштенің жетекшілік етуі уахи феноменін, ал айналмалы алтын бұлттар мен жұлдыздық кеңістік космологиялық қозғалысты білдіретін иерархиялық әлем құрылымын көрсетеді. XV ғасыр соңындағы Сафави миниатюраларына тән «жалынды нұр» мен декоративтік бұлттар мистикалық мазмұнды эстетикалық-поэтикалық тәсілмен жеткізеді.

Бұл бейнелеу Низами Гәнжауидің «Хамса» циклындағы Миғраж мотивімен мазмұндық деңгейде үндеседі, алайда форма тұрғысынан өзгеше сипатқа ие. Низами поэзиясында Миғраж көбіне рухани-антропологиялық жетілу моделінің символы ретінде мәтіндік-метафоралық құрылымда берілсе, миниатюралық өнерде ол визуалды-космологиялық диаграмма сипатында көрініс табады. Яғни Низами дастанындағы миғраждық көтерілу – ішкі рухани трансформацияның поэтикалық метафорасы болса, миниатюрадағы көрініс – ғарыштық иерархия мен нұрлық онтологияны бейнелейтін эстетикалық модель. Осы тұрғыдан алғанда, көркем бейне мен поэтикалық мәтін бірін-бірі толықтыра отырып, Миғраж феноменін тарихи оқиға ғана емес, болмыстың сатылы құрылымын және адамның рухани кемелдену траекториясын білдіретін көпқабатты символдық дискурс ретінде ұсынады.



3-сурет – «Вост: № 635- кітап», 9-беттен алынған көрініс. [17, 9-б.].

بیشنچی نعت معراج کچه سی تعریفیدا کیم کریمه
سبحان الذی اسری انکا مصداق دورور و بعبده لیلا من
المسجد الحرام الی المسجد الاقصی انینک ثبوتیغا ایکی
کواه صادق صلی الله علیه و سلم

Аудармасы: Бұл оқиғаның ақиқаттығына Құран Кәрімдегі «سُبْحَانَ الَّذِي أَسْرَىٰ بِعَبْدِهِ لَيْلًا...» (Исра, 1) аяты айқын дәлел болады. Сондай-ақ «مَا كَذَبَ الْفُؤَادُ مَا رَأَىٰ» (Нәжм, 11) және осы сүренің кейінгі аяттары Миғраждың иләһи шындық екендігін нақтылайды.

XII ғасырда өмір сүрген Низами Гәнжауи және XIII ғасырда ғұмыр кешкен Сағди Ширази шығармаларында қалыптасқан Миғраждың поэтикалық-символдық моделі XIV–XV ғасырлардағы миниатюралық-бейнелік дәстүрде көркем визуалдық формаға ие болды. Ал XV ғасырда өмір сүрген Әлішер Науаи мұрасында және 1261 h./1843 м. жылдары көшірілген Науаи дәстүріндегі шағатай қолжазбаларында Миғраж интерпретация-

сы поэтикалық-теологиялық негізде мәтіндік жүйелеу сипатында дамығаны байқалады.

Жоғарыда сипатталған қолжазбалық деректер аясында 3-сурет – «Вост: № 633 және 635-кітап», 9-беттен алынған көрініс шағатай әдеби кеңістігінде Миғраж тақырыбының мәтіндік-дәлелдік форматта дамығанын дәлелдейді. Мұнда Миғраж оқиғасы Құрандағы *Исра* сүресінің 1-аятын («سُبْحَانَ الَّذِي أَسْرَى بِعَبْدِهِ لَيْلًا...») тікелей иләһи айғақ ретінде негізге ала отырып баяндалады. Бұл тәсіл оқиғаны тарихи нарратив ретінде емес, ақидалық тұрғыдан бекітілген мұғжиза ретінде ұсынатын құрылымдық модельге сүйенетінін көрсетеді.

Қолжазбада кездесетін «екі куә» (ایکی کواه) ұғымы исламдық дәлелдеу мәдениетінің классикалық формасын білдіреді: біріншісі – уахи мәтіні (Құран), екіншісі – Пайғамбардың (с.а.у.) хабары. Осы риторикалық дихотомия Миғражды тек символдық-әдеби мотив ретінде емес, Құрандық және пайғамбарлық негізге сүйенген сенімдік қағида ретінде бекітеді. Бұл ерекшелік Науаи дәстүріндегі шағатай мәтіндерінің Миғражды визуалды-миниатюралық тәсілден бұрын мәтіндік-теологиялық дәлелдеу үлгісінде жүйелегенін аңғартады. Демек, түркі әдеби кеңістігінде Миғраж мотиві алдымен ақидалық-дидактикалық құрылымда орнығып, кейінгі кезеңдерде ғана миниатюралық-көркемдік формалар арқылы символдық кеңістікке ауысқанын байқауға болады. Бұл шығармаларда Миғраж ғарыштық сапардан гөрі рухтың сатылы жетілуін білдіретін аллегориялық құрылым ретінде беріліп, кейінгі түркі әдеби кеңістігінде сопылық-дидактикалық модельдің қалыптасуына ықпал етті. Демек түркі және шығыс мұсылман дәстүрлерінің тоғысында қалыптасқан синтетикалық мәдени құбылыс ретінде Миғраж мотивін жаңа тарихи-мәдени контексте қайта пайымдады. Қарахандықтар дәуірінен бастау алған діни-этикалық идеялар (Қашқари, Баласағұни, Ясауи, Бақырғани) Алтын Орда кезеңінде сопылық-философиялық антропологиямен ұштасып, Миғражды тек тарихи мұғжиза емес, рухани кемелденудің символдық моделі ретінде интерпретациялауға жол ашты. Парсы классиктерінің (Сағди, Низами, Аттар, Руми) поэтикалық жүйесінде Миғраж ғарыштық сапардан гөрі рухтың сатылы тазаруы мен иләһи махаббат арқылы кемелдікке жетудің метафорасы ретінде ұсынылды.

Бұл интерпретация Дешті Қыпшақ кеңістігінде Ясауи мектебі арқылы халықтық руханиятқа бейімделіп, Миғраж адам болмысының ішкі сапары, моральдық жауапкершілік пен рухани жетілу траекториясы ретінде қабылданды. Тимуридтік кезеңде миғражнамалар сарайлық интеллектуалдық дискурсқа айналып, астрономиялық-космологиялық біліммен астаса дамыды. Ұлықбек мектебінің ғылыми дүниетанымы аспан қабаттарының иерархиялық бейнеленуіне рационалдық алғышарт қалыптастырды. Осы көпқабатты сабақтастық қазақ руханиятында жалғасып, Абай, Шәкәрім және Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде Миғраж адамның рухани кемелденуінің әмбебап метафорасы ретінде қайта пайымдалды. Нәтижесінде, Миғраж ілімі Дешті Қыпшақтан бастап қазақ ой кеңістігіне дейін космологиялық баяндаудан гөрі моральдық, интеллектуалдық және рухани жетілу моделіне айналған өркениеттік-символдық дискурс ретінде орнықты.

Қорытынды

Миғраж мұғжизасы исламдық дүниетанымда адам болмысы, рухани таным және жаратылыс заңдылықтарын тоғыстыратын іргелі метафизикалық феномен ретінде қарастырылады. Ислам ғылымының классикалық кезеңінде бұл тақырып тәпсір, хадис және кәләм әдебиеттерінде пайғамбарлық мұғжиза әрі иләһи құдіреттің айғағы ретінде жүйелі түрде түсіндірілді. Кейін сопылық дәстүр аясында миғраж ілімі рухани кемелденудің символдық моделі ретінде дамып, Әбу Хамид әл-Ғазали еңбектерінде шариғат, тариқат және хақиқаттың сабақтастығын айқындайтын рухани жол ретінде негізделді. Бұл түсінік Қожа Ахмет Ясауи мен оның мектебін жалғастырған Сүлеймен Бақырғани шығармаларында хикметтік поэзия тілімен халықтық руханиятқа бейімделді. Парсы сопылық-философиялық ойында Низами Гәнжауи, Ибн Араби және Жәләл ад-Дин Руми еңбектерінде миғраж болмыстық жетілу мен рухани сапардың аллегориялық үлгісі ретінде тереңдетіліп, түркі әдеби дәстүрінде

Әлішер Науаи арқылы көркем-философиялық жүйеге енді. Бұл сабақтастық қазақ рухани ой кеңістігінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни-философиялық мұраларында миғражды ішкі рухани кемелдену траекториясы ретінде пайымдаумен жалғасты. Түркі жазба мұрасында «Миғражнама», «Қисса-и Миғраж» секілді қолжазбалық ескерткіштер миғраж тақырыбының сопылық-дидактикалық дәстүрде орныға ықпал етті. Бұл үрдіс Тимур дәуіріндегі интеллектуалдық ортада миғражды рухани кемелденудің символдық құрылымы ретінде қабылдауға негіз қалап, ғарыштық иерархия жөніндегі түсініктермен ұштасты.

Осы теориялық негізге сүйене отырып, зерттеу сапалық әдіснамаға негізделіп, әдеби-зерттеу үлгісінде жүзеге асырылды. Негізгі дереккөздер ретінде классикалық ислам еңбектері, сопылық трактаттар, түркі және қазақ қолжазбалық мәтіндер пайдаланылып, талдау барысында герменевтикалық және салыстырмалы әдістер қолданылды. Қорыта айтқанда зерттеудің теориялық құрылымы Миғраж феноменін көпқабатты танымдық модель ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Біріншіден, классикалық кәләмдық негіздеулер Миғражды Алланың құдіретіне қатысты ақидалық қағидалар арқылы рационалдық тұрғыдан бекітеді және оны жаратылыс заңдарын жоққа шығаратын емес, олардың шартты әрі тәуелді сипатын айқындайтын иләһи құбылыс ретінде түсіндіреді. Екіншіден, сопылық-интеллектуалдық дәстүр Миғражды адамның рухани кемелденуінің сатылы құрылымы ретінде символдық-антропологиялық модельге айналдырады. Үшіншіден, заманауи жаратылыстану ғылымдары, әсіресе салыстырмалылық теориясы, уақыт пен кеңістіктің абсолютті емес сипатын ғылыми тұрғыда негіздей отырып, Миғражды физикалық заңдарды терістейтін емес, олардың әмбебап түсіндіру шегін көрсететін шекаралық феномен ретінде пайымдауға методологиялық мүмкіндік береді.

Осылайша ұсынылған теориялық үлгі Миғражды үш өзара сабақтас деңгейде түсіндіреді:

(1) ақидалық-онтологиялық деңгей – иләһи құдірет пен болмыс иерархиясы;

(2) антропологиялық-символдық деңгей – рухани кемелдену сатылары;

(3) методологиялық-ғылыми деңгей – уақыт пен кеңістіктің салыстырмалылығы және таным шекаралары.

Нәтижесінде, Миғраж феномені тек тарихи аңыз немесе риуаяттық оқиға ретінде емес, сенім, болмыс және таным категориялары тоғысындағы кешенді өркениеттік-метафизикалық модель ретінде айқындалады. Бұл тәсіл ғылым мен иман арасындағы қарама-қайшылық моделін емес, олардың методологиялық үйлесімділігін көрсететін интегративтік парадигманы ұсынады.

Қаржыландыру

Бұл мақала BR 28712621 «Қазақстанның қолжазба мұрасы: реестрлеу, реставрациялау, ғылыми каталогтау, цифрландыру және кешенді кодикологиялық зерттеу» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құран кәрім қазақша түсіндірмелі аудармасы. - Алматы, «Көкжиек-Б» баспасы, 2015. – 624 б.

2 әт-Табари, Әбу Жағфар Мұхаммад ибн Жәрир. Жәмиʿ әл-баян ʿан таʾуил ай әл-Құран / тахқ.: Абдулла ибн Абдулмухсин әт-Түрки. – Каир: Дар һижр лит-тибаға уән-нәшр уәт-тәузиʿ уәл-иʿлән, 2001. – 14-жүз. – 1422 h.

3 әл-Қуртуби, Әбу Абдулла Мұхаммад ибн Ахмад әл-Ансари. әл-Жәмиʿ ли-ахкам әл-Құран / тахқ.: Ахмад әл-Бардүни, Ибраһим Атфиш. – Каир: Дар әл-Кутуб әл-Мысрия, 2-басылым, 1964. – 10-жүз. – 1384 h.

4 Ибн Кәсир, Әбу әл-Фида Исмағил ибн Омар әд-Димашқи. Тафсир әл-Құран әл-ʿАзим / тахқ.: Сами ибн Мұхаммад Салама. – Эр-Рияд: Дар Тайиба ли-н-нәшр уәт-тәузиʿ, 2-басылым, 1999. – 1420 h. – 5 том.

5 Әл-Бұхари, Әбу ʿАбд Аллаһ Мұхаммад ибн Исмаʿил. (1429 h./2008). Әл-Жамиʿ әс-Сахих. Ред. ʿАбд ал-Қадир Шайба әл-Хамд. Әр-Рияд: [баспа атауы көрсетілмеген]. 3 том.

6 әл-Матуриди, Әбу Мансур Мұхаммад ибн Мұхаммад ибн Махмуд әс-Самарқанди. Китаб ат-таухид / тахқ.: Фатхуллаһ Халиф. – Каир: Дар әл-жамиʿат әл-мисрия, 1-басылым, 1970. – 1390 h. – 160-б.

7 әл-Әшғари, Әбу әл-Хасан Әли ибн Исмаил. әл-Лумаʿ фи әр-радд ʿала әһл әз-зайғ уә әл-бидʿа / тахқ.: Хамди Мұхаммад әш-Шами. – Каир: Мактебет әс-сақафа әд-диния, 1-басылым, 1419 h. / 1999 ж.

8 әл-Ғазали, Әбу Хамид Мұхаммад ибн Мұхаммад. Ихия ʿулум әд-дин. – Бейрут: Дар әл-Маʿрифа, 2005. – 1-т. – 21-б.

9 Celina F. M., Suprapto N. Study of Relativity Theory of Einstein: The Story of Ashabul Kahf and Isra' Mi'raj // Studies in Philosophy of Science and Education

(SiPoSE). – 2020. – Т. 1, № 3.

10 әл-Ғазали, Әбу Хамид Мұхаммад ибн Мұхаммад. Ихия ʿулум әд-дин. – Каир: Lajnat Nashr al-Thaqāfa al-Islāmiyya, 1356–1357 h. / 1937–1938. – 1-т.

11 Қыдыр Т.Е. Дешті қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (X-XV) (Ислам, иман және ихсан мәселелерінің жырлану ерекшеліктері): Монография – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 200 б.,

12 Toutant M. Timurid Accounts of Ascension (miʿrāj) in Türkī: One Prophet, Two Models // The Presence of the Prophet in Early Modern and Contemporary Islam. – Leiden–Boston: Brill, 2021. – 431–459-б.

13 Кант И. Таза ақылға сын (Kritik der reinen Vernunft). – 1781/1787 жж. басылымдары.

14 Алтын Орда әдебиеті: генезис, жанрлық ерекшелік, дәстүр жалғастығы. – Алматы: Evo Press, 2022.

15 Низами Гәнжауи. Хамса. Миниатюра №1: Пайғамбардың (с.а.у.) Исра және Миғраж сапарының көркем бейнеленуі. – Қолжазба парағы: 3b. – Жеке қор.

16 Сағди Ширази. Ләйлә мен Мәжнүн. Миниатюра №2: Пайғамбардың (с.а.у.) Исра және Миғраж сапарының көркем бейнеленуі. – Қолжазба парағы: 4b. – Жеке қор.

17 Науаи Ә. Хамса (шағатай тіліндегі қолжазба нұсқа). – 1261 h. / 1843 м. – Вост. № 633. – 9-б. – Ғылым ордасы орталық ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қоры.

Transliteration

1 Quran karim kazaksha tusindirmeli audarmasy [The Holy Quran: Kazakh explanatory translation]. – Almaty: «Kokzhiek-B» baspasy, 2015. – 624 b. (in Kaz)

2 at-Tabari, Abu Zhagfar Muhammad ibn Zharir. Zhamiʿ al-bayan ʿan tạuil ai al-Quran / tahq.: Abdulla ibn Abdulmuhsin at-Turki [Jamiʿ al-bayan on the interpretation of the verses of the Quran]. – Kair: Dar Hizhr lit-tibaga uan-nashr uat-tauziʿ ual-iʿlan, 2001. – 14-zhuz. – 1422 h. (in Arab)

3 al-Qurtubi, Abu Abdulla Muhammad ibn Ahmad al-Ansari. al-Zhamiʿ li-ahkam al-Quran / tahq.: Ahmad al-Barduni, Ibrahim Atfish [The Comprehensive Work on the Rulings of the Quran]. – Kair: Dar al-Kutub al-Mysrija, 2-basylym, 1964. – 10-zhuz. – 1384 h. (in Arab)

4 Ibn Kasir, Abu al-Fida Ismagil ibn Omar ad-Dimashki. Tafsir al-Quran al-ʿAzim / tahq.: Sami ibn Muhammad Salama [Tafsir of the Great Quran]. – Jer-Rijad: Dar Taijba li-n-nashr uat-tauziʿ, 2-basylym, 1999. – 1420 h. – 5 tom. (in Arab)

5 Al-Buhari, Abu ʿAbd Allah Muhammad ibn Ismaʿil. Al-Zhamiʿ as-Sahih / red. ʿAbd al-Qadir Shaijba al-Hamd [The Authentic Collection]. – ar-Rijad, 1429 h./2008. – 3 tom. (in Arab)

6 al-Maturidi, Abu Mansur Muhammad ibn Muhammad ibn Mahmud as-Samarkandi. Kitab at-tauhid / tahq.: Fathullah Halif [The Book of Divine Unity]. – Kair: Dar al-zhamiʿat al-misrija, 1-basylym, 1970. – 1390 h. – 160 b. (in Arab)

7 al-Ashgari, Abu al-Hasan Ali ibn Ismail. al-Lumaʿ fi ar-radd ʿala ahl az-zajg ua al-bidʿa / tahq.: Hamdi Muhammad ash-Shamiʿ [The Gleams in Refutation of the People of Deviation and Innovation]. – Kair: Maktebet as-saqafa ad-dinija, 1-basylym, 1419 h./1999 zh. (in Arab)

8 al-Gazali, Abu Hamid Muhammad ibn Muhammad. Ihija ʿulum ad-din [Revival of the Religious Sciences]. – Bejrut: Dar al-Maʿrifa, 2005. – 1-t. – 21-b. (in Arab)

9 Celina F. M., Suprapto N. Study of Relativity Theory of Einstein: The Story of Ashabul Kahf and Isra' Mi'raj // Studies in Philosophy of Science and Education (SiPoSE). – 2020. – T. 1. – N 3. (in Eng)

10 al-Gazali, Abu Hamid Muhammad ibn Muhammad. Ihija ʿulum ad-din [Revival of the Religious Sciences]. – Kair: Lajnat Nashr al-Thaqafa al-Islamijja, 1356–1357 h./1937–1938. – 1-t. (in Arab)

11 Kydyr T.E. Deshti kypshak dalasyndagy islami adebiet (X–XV) (Islam, iman zhane ihsan maselelerinin zhyrlanu erekshelikteri): monografija [Islamic literature in the Dasht-i Kipchak steppe (10th–15th centuries): monograph]. – Astana: «Ruhani kundylyktardy koldau kory» korporativtik kory, 2018. – 200 b. (in Kaz)

12 Toutant M. Timurid Accounts of Ascension (miʿraj) in Turki: One Prophet, Two Models // The Presence of the Prophet in Early Modern and Contemporary Islam. – Leiden–Boston: Brill, 2021. – 431–459 b. (in Eng)

13 Kant I. Taza akylga syn (Kritik der reinen Vernunft) [Critique of Pure Reason]. – 1781/1787 zhzh. basylymdary. (in Kaz)

14 Altyn Orda adebieti: genezis, zhanrlyk erekshelik, dastur zhalgastygy [Golden Horde literature: genesis, genre features, continuity of tradition]. – Almaty: Evo Press, 2022. (in Kaz)

15 Nizami Ganzhaui. Hamsa. Miniatjura N 1: Paigambardyn (s.a.u.) Isra zhane Mighraz saparynyn korkem bejnelenui [Khamsa. Miniature No. 1: Artistic depiction of the Prophet's Isra and Miʿraj journey]. – Kolzhazba paragy: 3b. – Zheke kor. (in Kaz)

16 Sagdi Shirazi. Laila men Mazhnun. Miniatjura N 2: Paigambardyn (s.a.u.) Isra zhane Mighraz saparynyn korkem bejnelenui [Layla and Majnun. Miniature No. 2: Artistic depiction of the Prophet's Isra and Miʿraj journey]. – Kolzhazba paragy: 4b. – Zheke kor. (in Kaz)

17 Nauai A. Hamsa (shagataj tilindegi kolzhazba nuska) [Khamsa (manuscript version in Chagatai language)]. – 1261 h./1843 m. – Vost. N 633. – 9-b. – Gylym ordasy ortalyk gylymi kitaphanasynyn sirek kolzhazbalar kory [Rare manuscripts collection of the Central Scientific Library of Gylym Ordasy]. (in Kaz)

АВТОР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Құрманбек Қасымхан ғылыми қызметкері, ҚР ҒБЖМ Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, Алматы, Қазақстан, email: qqasymhan@gmail.com, ORCID ID 0009-0008-0072-1832,

Еңлік Құралғазықызы Қасабекова аға ғылыми қызметкер, PhD, ҚР БҒЖМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: enlik78@rambler.ru, ORCID ID 0000-0002-8581-7815

Нұрлан Кенжеахмет PhD, AbaiLabs «Шығыс қолжазбалар мұрасы» халықаралық деректану орталығының жетекшісі, Біріккен Алаш қоры Ғылыми-зерттеу орталығының директоры (Германия–АҚШ), email: nrlnknjhmt721@gmail.com, ORCID ID https://orcid.org/0009-0004-7871-6153

Құрманбек Касымхан научный сотрудник, Центральной научной библиотеки РГП «Ғылым ордасы» Комитета науки МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: qqasymhan@gmail.com, ORCID ID 0009-0008-0072-1832,

Енлик Куралгазыкызы Касабекова старший научный сотрудник, Институт философии, политологии и религиоведения Комитета науки МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: enlik78@rambler.ru,ORCID ID 0000-0002-8581-7815

Нурлан Кенжеахмет PhD, руководитель Международного центра источниковедения «Наследие восточных рукописей» AbaiLabs, директор Научно-исследовательского центра Объединенного фонда «Алаш» (Германия–США), email: nrlnknjhmt721@gmail.com, ORCID ID https://orcid.org/0009-0004-7871-6153

Qurmanbek Qasymhan Researcher, Central Scientific Library of the "Gylym Ordasy" Republican State Enterprise CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: qqasymhan@gmail.com, ORCID ID 0009-0008-0072-1832

Yenglik Kassabekova Senior Researcher, PhD, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: enlik78@rambler.ru, ORCID ID 0000-0002-8581-7815

Nurlan Kenzheakhmet PhD, Head of the International Source Studies Center "Heritage of Eastern Manuscripts" AbaiLabs, Director of the Research Center of the United Alash Foundation (Germany–USA), email: nrlnknjhmt721@gmail.com, ORCID ID https://orcid.org/0009-0004-7871-6153

ҒТАХР 21.15.61 https://doi.org/10.48010/aa.v28i1(107).857

ҚАЗАҚ АЙТЫСЫНДАҒЫ «ДІН» ДИСКУРСЫ: ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ РЕТТЕУДІҢ МӘДЕНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

[1]А.Ш. Жұбанышов, [1]С.М. Каупенбаева, [2]Ж.Қ.Мадалиева, [1]Д.Б.Жаркимбаева

АҢДАТПА

Бұл мақала қазақ айтысындағы «дін» дискурсын қоғамдық сананы реттеудің мәдени-философиялық негізі ретінде қарастыруға арналған. Көне айтыстар мен қазіргі айтыс мәтіндерінде дін тақырыбы діни жұмбақ, шариғи сұрақ-жауап, Құран аяттары мен хадистерге сүйенген уәждер, сондай-ақ имандылық пен адамгершілікке үндейтін уағыз-насихаттық шумақтар арқылы көрініс табатыны айқындалады. Діни айтыс, діни жұмбақтар мен айтыстың идеологиялық қызметі туралы еңбектер болғанымен, «дін» дискурсының дәл осы айтыс өлеңдері арқылы «дұрыс–бұрыс», «халал–харам» шекараларын белгілеу арқылы қоғамдық сананы қалай реттейтіні жүйелі түрде талданбаған. Осындай олқылықты толтыру мақсатында мақалада Шөже-Кемпірбай, Қабылиса-Таутан, Жүсіпбекқожа-Уәзипа айтыстары мен тәуелсіздік кезеңіндегі бірқатар айтыс мәтіндеріне мәтіндік, дискурстық және герменевтикалық талдау жүргізіледі. Әртүрлі айтыстардан алынған шумақтарға контент-талдау жасалады, сондай-ақ он айтыскер ақынмен тереңдетілген сұхбат материалдары сараланады. Мақалада алынған тұжырымдар айтысты тек фольклортанулық нысан емес, ұлттық діни сананы реттейтін құрал ретінде қарастыруға мүмкіндік береді және дін мен мәдениет, дәстүр мен жаңашылдық тоғысындағы зерттеулерге үлес қосады.

Түйін сөздер: айтыс, дін, дискурс, имандылық, құндылық, қоғамдық сана, мәдениет.

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент: Жұбанышов А.Ш. akniet.zhubanyshov@gmail.com

Сілтеме: Жұбанышов А.Ш., Каупенбаева С.М., Мадалиева Ж.Қ., Жаркимбаева Д.Б. Қазақ айтысындағы «дін» дискурсы: қоғамдық сананы реттеудің мәдени-философиялық қырлары // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. № 1 (107). – Б. 178-189.

Религиозный дискурс в казахском айтысе: культурно-философские аспекты регуляции общественного сознания

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению религиозного дискурса в казахском айтысе как культурно-философского основания регулирования общественного сознания. Показано, что в текстах как классических, так и современных айтысов религиозная проблематика проявляется через религиозные загадки, шариатские вопросно-ответные диалоги, аргументацию, опирающуюся на аяты Корана и хадисы, а также через назидательные строфы, призывающие к вере и нравственности. Несмотря на наличие работ, посвящённых религиозному айтысу, религиозным загадкам и идеологической функции айтыса, до сих пор системно не рассмотрено, каким образом религиозный дискурс именно в айтысной поэзии, очерчивая границы «правильного – неправильного», «халал – харам», участвует в регулировании общественного сознания. С целью восполнения данного пробела в статье проводится текстовый, дискурсивный и герменевтический анализ айтысов Шоже-Кемпирбай, Қабылиса-Таутан, Жусипбекқожа -Уазипа, а также ряда айтыс-текстов периода независимости. Дополнительно осуществляется контент-анализ строф из различных айтысов и рассматриваются материалы глубинных интервью с десятью современными айтыскер-акынами. Сделанные выводы позволяют трактовать айтыс не только как объект фольклористики, но и как инструмент регулирования национального религиозного сознания, а также вносят вклад в исследования на стыке религии и культуры, традиции и модернизации.

Ключевые слова: айтыс, религия, дискурс, нравственность, ценности, общественное сознание, культура.

Religious discourse in Kazakh aitys: cultural-philosophical dimensions of regulating public consciousness

Abstract. This article examines religious discourse in Kazakh aitys as a cultural-philosophical foundation for regulating public consciousness. It demonstrates that in both classical and contemporary aitys texts, religion emerges through religious riddles, sharia-based question-and-answer exchanges, arguments grounded in Quranic verses and hadiths, as well as didactic stanzas that call for piety and moral conduct. Although there are studies on religious aitys, religious riddles and the ideological functions of aitys, the specific ways in which «religion» as a discourse, articulated in aitys poetry, delineates the boundaries of «right–wrong» and «halal–haram» and thereby contributes to the regulation of public consciousness have not been systematically analysed. To address this gap,

the article undertakes textual, discourse and hermeneutic analysis of the aitys between Shozhe and Kempirbai, Qabylysa and Tautan, Jusipbekqoja and Uazipa, as well as a number of aitys texts from the post-independence period. In addition, content analysis of stanzas drawn from different aitys is conducted, and in-depth interviews with ten contemporary aitys performers are examined. The findings make it possible to conceptualise aitys not only as an object of folklore studies, but also as an instrument for regulating national religious consciousness, thus contributing to broader debates at the intersection of religion and culture, tradition and modernity.

Key words: Aitys, Religion, Discourse, Piety, Values, Public Consciousness, Culture.

Kipicne

Қазақтың айтыс өнері бүгінде тек ақындардың сөз сайысы ғана емес, қоғамдағы саяси-әлеуметтік үдерістер, елдік пен бірлік, тәуелсіздік, тіл мен діл, моральдық-этикалық құндылықтар төңірегіндегі пікірталастар тоғысатын мәдени-коммуникативтік алаң ретінде орнықты. Осы кең ауқымдағы дискурста «дін» тақырыбы да үнемі назарда болып, әр тарихи кезеңде қоғамдық сұранысқа сай мазмұны жағынан трансформацияға ұшырап келеді. Бірде діни ұғымдар тікелей шариғат нормалары тұрғысынан сөз болып, бірде имандылық, адамгершілік, отбасылық жауапкершілік, жастар тәрбиесі сияқты құндылықтар арқылы астарлы түрде беріліп, айтыстың ішкі мазмұнын айқындайтын маңызды өлшемдердің біріне айналды.

Айтысқа қатысты зерттеулерде оның көркемдік-эстетикалық табиғаты, жанрлық ерекшелігі, поэтикалық тілі, сондай-ақ ағартушылық, тәрбиелік, идеологиялық қызметі жан-жақты қарастырылған. Осы тұрғыдан алғанда, Бұлдыбай Анарбай айтысты фольклор мен ауыз әдебиетінің, сонымен бірге жазба әдебиет дәстүрін бойына қатар сіңіріп, дамып отырған синкретті өнер ретінде сипаттайды [1]. Тәуелсіздік кезеңіндегі айтыстардың тақырыптық-көркемдік жағын арнайы талдаған зерттеулерде де қазіргі айтыстың өзекті әлеуметтік мәселелерді батыл көтеріп, көпшілікке ұсынылатын синкретті жанр ретінде бүгінгі күнге дейін қоғамдық пікірді жеткізуші маңызды құрал қызметін атқаратыны атап көрсетіледі [2]. Осы бағыттағы зерттеулердің бірі – Досанованың қазіргі айтыс өнерінің діни дискурс арқылы имандылық құндылықтарды таратудағы рөлін талдауға арналған еңбегі [3]. Зерттеуші айтысты тәрбиелік және мәдени-философиялық маңызы жоғары, діни-рухани сана-сезімді қалыптастыратын құрал ретінде қарастырады. Бұл өз кезегінде айтыстың мәдени-философиялық қызметін айшықтай түседі.

Сонымен қатар Н. Мурсалимова діни айтыстардың толыққанды зерттелмеуін кеңестік кезеңдегі идеологиялық шектеулермен байланыстырады. Ол айтыс классификацияларында «діни айтыс» түрі аталғанымен, бұл жанрды арнайы талдауға ресми түрде рұқсат етілмей, діни дискурс айтыс өнерінің көзден таса бөлігі болғандығын көрсетеді [4]. Бұл жайт дін дискурсын қоғамдық сананы реттеудің нысаны ретінде бейтараптандыруға ұмтылған атеистік саясаттың көрінісі ретінде түсіндірілсе, тәуелсіздік кезеңінде, керісінше, діни тақырыптағы айтыстардың қайта жанданып, жаңа идеологиялық жобалармен астаса бастауы дін дискурсының саяси-коммуникативтік әлеуетін айқын көрсетеді [5]. Осылайша айтыстағы діни дискурс кеңестік атеизмнен посткеңестік діни қайта өрлеуге дейінгі аралықта қоғамдық сананы реттеудің әртүрлі модельдерін бейнелейтін тарихи-идеялық өріс ретінде көрінеді.

Бұл тұрғыдан қазақ айтысын сырт көзбен талдаған шетелдік зерттеуші Эва-Мария Дюбюиссонның еңбектері де маңызды. Ол айтысты ұлт атынан айтылатын, билік пен халық арасындағы қатынастарды символикалық түрде талқылайтын қоғамдық пікір алаңы ретінде сипаттайды. Айтыстағы конфронтация мен диалогты ұлттық бірегейлікті қайта келісудің формасы ретінде түсіндіреді [6]. Демек, дін тақырыбы өрбитін айтыс сахнасы тек эстетикалық кеңістік емес, сонымен бірге құндылықтар мен нормаларды ашық пікірталас арқылы реттейтін қоғамдық-коммуникативтік механизм ретінде қарастырылуы мүмкін.

Ахмет Байтұрсынұлы айтыстың халық мінезін түзетудегі қуатты әлеуетін атап өтсе, кейінгі зерттеушілер айтысты ұлттық жад пен тарихи тәжірибені жеткізетін рухани институт ретінде сипаттайды [7]. Діни айтыс, діни жұмбақтар, Құран мен хадиске сүйенген уәждер жайлы еңбектерде де бұл мәтіндердің жанрлық, фольклорлық және діни-танымдық қырлары негізгі назарда болады. Алайда қазақ

айтысындағы «дін» дискурсының қоғамдық сананы реттеудің мәдени-философиялық механизмі ретінде қалай жұмыс істейтіні арнайы, жүйелі түрде талданған жоқ.

Осы мақала дәл осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат етеді. Зерттеуде қазақ айтысындағы «дін» дискурсы үш негізгі бағытта қарастырылады:

1. қарсыластың діни білімін, логикалық ойлауын сынауға бағытталған діни сұрақтар мен жұмбақтар;

2. Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне сүйене отырып уәж айту, қоғамдық құбылыстарды исламдық бағалау өлшемдері арқылы түсіндіру;

3. тыңдарманды имандылыққа, көркем мінезге, ізгілікке шақыратын уағыз-насихаттық сарындар.

Мақаланың негізгі міндеті – аталған құбылыстарды тек жанрлық не тақырыптық сипаттамамен шектеу емес, оларды діннің реттеуші қызметін поэтикалық формада жүзеге асыратын мәдени-философиялық тетік ретінде қарастыру. Осы тұрғыдан алғанда, айтыстағы «дін» дискурсы қоғамдық сананы қалыптастыру мен реттеудің символикалық алаңы ретінде түсіндіріледі. Айтыскер ақындар жыры арқылы «дұрыс» пен «бұрыстың», «адал» мен «арамның», «халал» мен «харамның» шекараларын көпшілік алдында қайта белгілейді.

Зерттеудің жаңалығы бірнеше қырынан көрінеді. Біріншіден, дәстүрлі айтыс мәтіндері мен қазіргі сахналық, телевизиялық айтыстар біртұтас дискурстық өріс ретінде қарастырылып, тарихи үлгілер мен бүгінгі поэтикалық тәжірибе арасындағы сабақтастық пен айырмашылық мәдени-философиялық тұрғыдан талданады. Екіншіден, мәтіндік және дискурстық талдаумен қатар, қазіргі айтыскер ақындармен жүргізілген тереңдетілген сұхбат материалдары енгізіліп, айтыскерлердің өздерінің «дін» тақырыбына қатысты пікірлері айтыс дискурсын ішінен түсіндіретін эмпириялық дереккөз ретінде қолданылады. Үшіншіден, мақалада «дін – құндылықтар кеңістігі», «айтыскер – насихатшы және көшбасшы», «айтыс – идеологиялық ресурс», «діни дискурс – реттеуші механизм» сияқты бөлімдер ұсынылып, қазақ айтысының заманауи мәдени-философиялық интерпретациясы жасалады.

Осылайша, «Қазақ айтысындағы «дін» дискурсы: қоғамдық сананы реттеудің мәдени-философиялық қырлары» атты зерттеу айтыс мәтіндерін тек әдебиеттанулық емес, мәдениеттанулық және философиялық қырынан кешенді қарастыра отырып, дін дискурсының айтыс кеңістігіндегі тарихи сабақтастығын, заманауи трансформациясын және қоғамдық сананы реттеудегі рөлін айқындауды көздейді.

Әдіснама

Зерттеу жұмысы сапалық әдіснамаға негізделді. Біріншіден, тарихи айтыс мәтіндеріне (Шөже-Кемпірбай, Қабылиса-Таутан, Жүсіпбекқожа-Уәзипа және т.б.) мәтіндік, дискурстық және герменевтикалық талдау жүргізілді. Бұл талдау діни сұрақтар мен жұмбақтар құрылымын, Құран мен хадиске сілтемелердің поэтикалық функциясын, уағыз-насихаттық шумақтардың семантикасын айқындауға мүмкіндік берді.

Екіншіден, әр түрлі айтыстардан алынған шумақтарға контент-талдау жасалды. Бұл кезеңдік салыстыру дәстүрлі «діни айтыс» пен бүгінгі діни дискурс арасындағы сабақтастық пен айырмашылықтарды көрсетуге жағдай тудырды.

Үшіншіден, қазіргі айтыскер ақындармен тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Сұхбатқа Алашқа танылған аға буын өкілі Алтынкүл Қасымбекова, «Алтын домбыраның» екі дүркін иегері Жандарбек Бұлғақов, «Алтын домбыра–2019» жеңімпазы Рүстем Қайыртайұлы, «Асыл Домбыра-2021» иегері Қазірет Бердіхан, сондай-ақ халықаралық және республикалық айтыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері – Асхат Қылышбеков, Қанат Мырзаханұлы, Сырым Әуезхан, Шұғайып Сезімхан, Біржан Байтуов, Алтынбек Ибрагимов сынды он ақын қатысты (1-кесте). Сұхбат сұрақтары айтыстың қоғамдық сананы қалыптастырудағы орны, «дін» тақырыбының ауқымы, уағыз-насихаттық мазмұнға көзқарас және діни сауат мәселесін қамтыды.

Негізгі бөлім

Айтыс – діни білім мен тапқырлықты сынау алаңы

Ахмет Байтұрсынов айтысты екі балуанның күресіне теңей отырып, айтыскер ақындардың

бірін-бірі аңдып-бағып, түрлі әдіс-амалдар арқылы қарсыласының осал тұсын табуға тырысатынын айтқан. Сондай-ақ айтыстың адамның, елдің, жұрттың келіссіз ғамалдарын, мінездерін айтып көрсету арқылы халықтың құлқын түзеуге зор пайдасы барын атап көрсетеді [7]. Демек, айтыс тек ақындардың сөз таласуы емес, қоғамдық мінез-құлықты реттейтін символикалық «айтыс-тартыс» алаңы ретінде де көрінеді. Осы орайда айтыскерлердің қарсыласын өлеңмен тосып ұстау, сөзбен жығу үшін қоятын сан алуан сұрақтарының ішінде дін тақырыбындағы сұрақтар ерекше маңызға ие. Олар қарсыласының діни білімі мен шариғаттан хабарының деңгейін, иман мен адамгершілікке қатысты ұстанымдарын сынау арқылы тыңдарман алдында оның рухани беделін бағамдатуға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде айтыстағы діни сұрақтар қою дәстүрі «дін» дискурсы арқылы қоғамдық сананы реттеудің маңызды мәдени-философиялық тетігіне айналады.

Көне айтыстарда дін тақырыбындағы сұрақтар ақындардың білімін, логикалық ойлауын және мәтіндік дәстүрді меңгеру деңгейін тексеретін ерекше поэтикалық әдіс ретінде жүйелі қолданылады. Соның айқын үлгілерінің бірі – Шөже мен Кемпірбай айтысы. Бұл айтыста Шөже ақын сандық астарға құрылған діни бағыттағы күрделі жұмбақ ұсынады. Оның жауабында намаздың орындалу тәртібі, Құранның құрылымы, исламның парыз, уәжіп секілді категориялары жатқан болатын. Ал Кемпірбайдың бұл жұмбаққа шариғат ұғымдарымен егжей-тегжейлі жауап беруі айтыс кеңістігінде исламдық білімнің айтыста маңызды символикалық капиталға айналғанын көрсетеді. Діни терминдерді, ритуалдық сандық мөлшерлерді дұрыс түсіндіру ақынның интеллектуалдық және рухани беделін күшейтеді.

Дегенмен айтыстың соңында Шөженің араб тіліндегі «От туры, минал бәйіні, илал ләйлі» тіркесіне құрылған сұрағына Кемпірбайдың қате жауап беруі діни дискурстың сыншыл қырын айқын білдіреді. Бір жағынан, Кемпірбай қарсыласын «Құдай сөзін өлеңге қостың» деп айыптау арқылы діни нормаларды қорғаушы рөлін иеленгісі келеді. Екінші жағынан, Шөженің Мұса пайғамбардың Тур тауына баруы мен Алладан төрт ауыз жауап алуы жайындағы хикаяны тарқатып беруі оның мәтіндік дәстүрді терең меңгергенін көрсетеді. Соның нәтижесінде тыңдарман алдында діни сауаты жоғары, діни мәтіндерді еркін игерген Шөже сөз додасында жеңіске жетеді. Бұл мысал айтыс сахнасында дінге қатысты сұрақтар мен жауаптар жай көркем сөз ғана емес, халық үшін дұрыс сенім мен қате түсініктің шекарасын айқындайтын, қоғамдық сананы реттейтін мәдени-философиялық сүзгі қызметін атқаратынын дәлелдейді.

Айтыста ақындардың қарсыласына діни мазмұндағы жұмбақтар қоюы қазақ фольклорындағы діни жұмбақ дәстүрімен сабақтасып жатыр. М. Әуезов XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Бұхара, Ташкент, Түркістан, Қазан сияқты орталықтарда оқыған қазақ ақындарының жалпы ақындар айтысымен қатар діни айтысқа да қатысқанын айтады. Сонымен қатар ақындар діннен арнайы білім алуға ұмтылған. Әсіресе айтыста діни тақырыптағы жұмбақтарға тап болғанда жеңілмеу үшін шариғат негіздерін меңгеруге тырысқан. Діни айтыс – олардың діни білімін сынау алаңы [8]. Қазақ және ағылшын танымындағы діни жұмбақтарды талдаған Г. Кортабаева, Ж. Мұратбекова, Н. Кенжеғұлов діни сипаттағы жұмбақтар бір жағынан халық мәдениетінің даму тарихын, екінші жағынан дәстүрлі дүниетанымдық ерекшелікті бейнелейтінін атап өтеді [9]. Зерттеушілердің ойынша, жұмбақ – халықтың санасында сақталған ақпаратты сақтап, діннің тарихы мен мәдениеттегі орнын ықшам әрі көркем формада жеткізетін фольклорлық жанр. Осы тұрғыдан алғанда, айтыстағы діни сұрақтар қоюды діни жұмбақтар мен жұмбақ айтыс дәстүрінің жалғасы, сондай-ақ дін мен дүниетанымға қатысты білімді поэтикалық дискурс арқылы қоғамдық санаға сіңірудің мәдени негізі ретінде түсіндіруге болады.

Айтыстың бұл түрі екі ақынның сөз жарысынан гөрі бір-біріне кезекпен сұрақ қойып, жауап алуына негізделген діни-дидактикалық диалогқа көбірек ұқсайды. Қабылиса (Қабан жырау) мен Таутан қыздың айтысында Таутанның аспаннан түскен кітаптар туралы сұрағы исламдағы иман шарттарының бірі – Алладан келген кітаптарға сену талабын сахнаға шығарады. Ал Қабылиса Мұсаға түскен Тәуратты, Дәуітке берілген Забурды,

Исаға түскен Інжілді және соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.с.) түскен Құранды тізбектеп атай отырып, уәжін діни білімге сүйенген дәлел ретінде құрады. Бұл жауап – айтыс кеңістігінде кездейсоқ берілген мағлұмат емес, тыңдаушы көпшілікке иман негіздерін поэтикалық формада еске салу.

Осыған ұқсас құрылымды Таутан қыздың «бес өзен», «отыз екі дарақ», «он жеті жерде тоқтау» туралы жұмбағынан да көреміз. Қабылиса бұл бейнелерді бес уақыт намазға, оның он жеті парызына және намаздың сүннет-парыз жүйесіне балайды. Мұнда намазды ағып жатқан өзенге теңеу – діни мәтіндерді айтыс поэтикасында шығармашылық тұрғыда қайта игеру. Яғни ақын діни ілімді жай ғана қайталамайды, оны қазақтың поэтикалық образдарымен (өзен, сай, ағаш, бұтақ т.б.) ұштастыра отырып, тыңдаушы санасында «тазартушы» рухани тәжірибе ретінде елестетеді.

